

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІКБАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Муратов Серік Қазбекұлы

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ
(«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
мысалында)**

«7M041 – Бизнес және басқару» бағыты бойынша
«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша
Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Дүсіпов Е.Ш., з.ғ.д., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С. с.ғ.д.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	7
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	17
ҚОРЫТЫНДЫ.....	47
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	49

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 заңы;

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 заңы;

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығы (бұдан әрі - тіркеу ережелері);

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 «Құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы - Құрылыс салу ережелері);

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 жылғы № 149 бұйрығы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы;

«Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығы;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ;

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

- БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары
- ҚР - Қазақстан Республикасы
- ХҚКО - Халыққа қызмет көрсету орталықтары
- АҚШ - Америка Құрама Штаттары
- КТҮ - Көпәтерлі тұрғын үй кешендері
- НҚА - Нормативтік-құқықтық актілер

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру саласындағы зерттеудің өзектілігі мемлекеттік органдардың тиімділігін жақсартудың және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырудың шұғыл қажеттілігімен айқындалады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің еліміздегі мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді реформалардың жоқтығымен, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысы бар адамдар үшін жазалардың жетілмеген жүйесімен, сондай-ақ мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың таралуымен расталады. Бұл біздің мемлекеттік басқарудың дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қосымша экономикалық шығындарға әкеледі. Президент Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа жағдайда: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауы оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және елдегі мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша елеулі қамқорлығын айғақтайды. Бұл Жолдауда Президент мемлекеттік басқаруды жақсартуға және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге бағытталған жүйелі реформаларға ұмтылысын айқын білдірді.

Шешілетін мәселенің қазіргі жай-күйін бағалау.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Алайда, еліміздегі мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдер көріністері көп кездеседі. Шын мәнінде, ғаламтор желісіндегі ашық дереккөздерде және БАҚ-да, әсіресе соңғы 5 (бес) жылда мемлекетіміздегі атқарушы билік органдарында сыбайлас жемқорлық оқиғалары туралы жаңалықтар жиі кездеседі. Бұл жәйт ел тұрғындарының көз алдында мемлекеттік биліктің беделіне тікелей нұқсан келтіріп отыр. Демек, мемлекеттік қызметшілер халық алдында үлкен әлеуметтік жауапкершілікті алады және олардың тиімді әрі адал жұмыс жасауы мемлекеттік саясаттың ұтымды жүруіне әсер етеді. Сондықтан бұл өткір мәселе белгілі бір деңгейде ұлттық кәуіпсіздікке де қауіп төндіреді. Сонымен қатар, жемқорлықтың көріністері мемлекеттік басқару мен мемлекеттік органға деген сенімнің халық арасында төмендеуге алып келеді.

Осы тұрғыда, кез келген істің басында жоспар болады, дей тұрғанмен де жоспарсыз және сапасыз, онымен қоса құрылыс талаптарын сақтамай салынған көппәтерлі тұрғын үйлер қазіргі таңда жиі талқылануда, заң нормаларын сақтамай заңсыз мемлекеттік тіркеуден өткен көппәтерлі тұрғын үйлерге жеке меншік құқығына ие болған азаматтардың тарапынан наразылық тудыруда және сотқа жүгініп талап арыз туындатуда.

Одан бөлек соңғы кезде көппәтерлі тұрғын үй кешендерін пайдалануға беру актілерін заңсыз мемлекеттік тіркеуден және ақпараттық дерекқор базасы «Жылжымайтын мүлікті тіркеу желісі» барыша

мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты нормативтік құқықтық актілердің өрескел сақталмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тап болып отыр. Бүгінде құрылыс талаптарына сай келмей салынған көппәтерлі тұрғын үйлерді мемлекеттік тіркеу барысында заң талаптарының тиісті түрде орындалу тетігін жетілдіру бағытындағы жүргізілген кешенді жұмыстар тиісті нәтижесін бермей отыр. Аталған жемқорлық тәуекелдерін жою арқылы көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің сапасы артуына қол жеткіземіз.

Осы зерттеу жұмысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық және оның тәуекелдерін алдын алу мен болдырмау тетігін ұйымдастыру арқылы жалпы азаматтарға сапалы қызмет көрсету көзделеді. Нәтижесінде сапалы мемлекеттік қызмет көрсету арқылы азаматтарға қолайлы жағдай жасауға болады.

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын кешенді талдау және жетілдіру жолдарын анықтау.

Жобаның міндеттері.

Магистрлік жобанының тақырыбы аясында зерттеуге мынадай міндеттер бойынша жұмыстар атқарылды:

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлықтың теориялық негіздерін зерттеу;

2. Сыбайлас жемқорлық пен оның тәуекелдеріне қарсы күрестің шетелдік тәжірибесін талдау;

3. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет көрсету барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін зерделеу;

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ мысалына мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;

5. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды міндетті мемлекеттік тіркеу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған жұмыстарды жетілдіруге ұсыныстар әзірлеу.

Гипотеза: Егер қосымша жүйелер мен қосымша деректерді біріктіретін ақпараттық порталдар арқылы заңсыз салынған көппәтерлі тұрғын үй кешендерін мемлекеттік тіркеу кезінде автоматтандырылған бизнес-процестерді интеграциялау мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға ықпал етуі мүмкін болса, онда мұндай тәжірибе осы саладағы процестердің ашықтығын, тиімділігі мен сенімділігін айтарлықтай жақсарта алады.

Осылайша, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қарым-қатынастарды болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі жүйелі және кешенді шаралар сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға мүмкіндік береді. Жылжымайтын мүлікті міндетті мемлекеттік тіркеу кезінде қағазбастылықтан бас тарту және көппәтерлі тұрғын үй кешенін салуға берілетін рұқсат құжаттарын рәсімдеуден бастап міндетті мемлекеттік тіркеуге дейінгі барлық атқарылатын іс-әрекеттерге қатысты мәліметтер мен құрылысы аяқталған объектіге

берілетін актілерді цифрландырылып, қажетті ақпарат сұратылатын және онлайн режимінде ұсынылатын бірыңғай дерекқорға біріктірілуі тиіс.

Зерттеу нысаны: «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ.

Зерттеу пәні: Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру.

Тақырыпты әзірлеу үшін негіз және бастапқы деректер. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық және оның тәуекелдері мәселесінің теориялық аспектері шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде мазмұндалған (Джеймс Брайс [1,149-бет] К.Фридрихтің [2, 15-бет], Дж. Наем [3, 417-бет]). Батыс ғалымдарының осы бағыттағы кейбір жұмыстары сыбайлас жемқорлықтың ерекше түрлерін және оның негізгі себептерін анықтауға арналған. Ал бұл тақырыптың әкімшілік құқықтық негізін орыстың ғалымы Богуш Г. Б. [4-бет] зерттеген. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық мәселесі батыс ғалымдарына қарағанда ресейлік зерттеушілер тарапынан жиі зерттелгенін айта кету керек. Кез-келген қылмыстың өзіндік себептері болатыны бәрімізге мәлім. Осы ретте, мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық мәселесінің криминологиясын ресейлік ғалым Е.Рустамович [5] зерттеген. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің тиімділігіне кері әсер ететін бюрократиялық процесстер мен сыбайлас жемқорлықты В.Д Андрианов [6, 1-бет] зерттеген болатын. Сыбайлас жемқорлық өте ауқымды тақырып және ол өз тамырын тереңге жайып көптеген салаларда дамып келеді. Алайда, мемлекеттік қызметке реформа жасау және ондағы сыбайлас жемқорлық мәселесі Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі болса да, отандық ғалымдар аса қатты назар аударып, зерттеулер әлі күнге дейін жасамаған.

Зерттеу әдістері: Мазмұнды талдау, салыстырмалы талдау, статистикалық талдау, сарапшымен сұхбаттасу.

Зерттеу жобасының ғылыми жаңалығы:

- Зерттеу мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты кешенді талдау мен жетілдіруді ұсынады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің әртүрлі аспектілерін қамтуға және оларды шешу үшін әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдануға мүмкіндік береді;

- Жұмыс зерттеудің теориялық аспектілерін толықтыратын жылжымайтын мүлікке құқықтарды міндетті мемлекеттік тіркеуге байланысты нақты жағдайлар мен тәжірибелерді талдауды қоса алғанда, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне эмпирикалық талдау жүргізеді;

- Зерттеу мемлекеттік қызметтер саласындағы сыбайлас жемқорлыққа және тәуекелдерге қарсы күрестегі шетелдік тәжірибені талдайды, бұл үздік тәжірибелерді қолдануға және оларды Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеуге ықпал етеді;

- Зерттеу мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған жұмысты жетілдіру бойынша

нақты ұсыныстар әзірледі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар ұсыныстарды мемлекеттік органдар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жақсарту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін пайдалана алады.

Жарияланым. Жобалық зерттеу аясында зерделенген мағлұматтардың негізінде РФ Мәскеу қ-ғы халықаралық «ИНТЕРНАУКА» баспасында XXXVI International Multidisciplinary Conference «Prospects and Key Tendencies of Science in Contemporary World» жинағының кезекті ағымдағы 2023 жылдың 6 қарашадағы eLIBRARY.ru атты сайтында мақала «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ («Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ мысалында)» атауымен жарық көрді.


Негізгі бөлім

Әдебиеттерге шолу

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлықтың теориялық негіздері.

ҚР-ң мемлекеттік дамуына бірден-бір ықпал ететін ол - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты. Ол ұлттық қауіпсіздіктің де негізі болып табылады. Бұл мәселені зерттеулер арқылы талдамас бұрын, оның теориялық негіздеп алу қажет. Сондықтан, ол мақсатқа жету үшін осы мәселенің мынадай теориялары пайдаланды. «Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, лауазымды тұлғаның өзіне берілген құқықтарды өз қалауы мен мүддесіне пайдалану деген мағынаны білдіреді [7]. Көбінесе бұл термин саяси элитаға және мемлекеттік органда жұмыс жасайтын қызметкерлерге қатысты жиі қолданылады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, қазір сыбайлас жемқорлық деп атауға болатын нәрселер Ежелгі Египет пен Вавилон әлемінде де болған. Дегенмен, сыбайлас жемқорлық ұғымының негізі ежелгі Римде пайда болды. Тарихқа көз жүгіртсек, ежелгі Римде сыбайлас жемқорлыққа қатысты нақты термин болмаған.

Саясаттану ғылымында сыбайлас жемқорлықты алғашқы зерттеу XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алады. Алайда, «саяси сыбайлас жемқорлық» термині XIX ғасырдың соңында пайда бола бастады. Ағылшын академигі, әрі заңгер Джеймс Брайстың [8] сыбайлас жемқорлыққа байланысты осындай анықтама береді (Сурет 1).



Сурет 1 - Сыбайлас жемқорлық анықтамасы [8]
Ескертпе-жемқорлықтың факторлары

Сыбайлас жемқорлықтың осындай факторларын ағылшын зерттеушісі Дж. Наем XX ғасырдың 60-шы жылдарында жасаған анықтамасында, сыбайлас жемқорлық - «бұл жеке, материалдық немесе мәртебелік пайда алу үшін

мемлекеттік шенеуніктің міндеттерін қалыпты орындаудан ауытқатын мінез-құлық» деп атайды [9]. Бұл анықтаманың пайда болуы зерттеуші К.Фридрихтің анықтамасымен болжалды деп айтуға да болады. Фридрих - сыбайлас жемқорлық - «бұл белгілі бір контексте нормадан ауытқатын мінез-құлық түрі», - деп сипаттайды. Бұл мінез-құлық белгілі бір мотивациямен, атап айтқанда, жеке пайда көрумен байланысты болады. Ол сонымен қатар, пайда материалдық және материалдық емес болуы мүмкін екенін атап өтеді [10]. Ал Аристотель өзінің «саясат» еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті дегенерацияға әкелетін маңызды фактор ретінде анықтайды [11].

Әдетте, сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының типологиясы осылай жіктеледі (Сурет 2).



Сурет 2 - Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының типологиясы
Ескертпе-жемқорлық типологиясын жіктеуі

Қазіргі әлемдегі сыбайлас жемқорлық мемлекеттіліктің, экономиканың және әлеуметтік саланың негіздеріне нұқсан келтіретін ең өзекті және күрделі әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады.

"Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында" сыбайлас жемқорлық елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына негізгі кедергі ретінде қарастырылады және ол осы құбылысқа қарсы күрестің тиімді жүйесін құру қажеттілігіне назар аударады [12]. Турецкий Н.Н. өз еңбегінде Қазақстанның шындығы жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы құқықтық және ұйымдастырушылық шаралардың маңыздылығын атап көрсетеді [13].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі аспектілерінің бірі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы болып табылады. Очирова Л.С. мен Юнкуров Е.Ю. осы қызметтердің сапасы туралы халықтың пікірін зерделеу

үдерісін жетілдіру қажеттілігіне баса назар аударады, бұл неғұрлым ашық және тиімді жүйені құруға мүмкіндік береді [14].

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жағдайында мүдделер қақтығысы мәселесі де маңызды рөл атқарады. Тлембаева Ж.У. ҚР-ғы бұл мәселенің құқықтық реттелу ерекшеліктерін қарастырып, мәселенің күрделілігі мен жан-жақтылығын атап көрсетеді [15].

М.С.Нұртазин өз жұмысында мемлекеттік аппараттың имиджін нығайтудың негізгі факторлары ретінде институционалдық реформа мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға тоқталады [16]. Бұл В.М.Редкоустың зерттеулерімен расталады, ол Ресей мен Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылына салыстырмалы талдау жүргізген [17].

К.И.Якимецтің еңбегінде атап көрсетілген Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының оң тәжірибесі бар проблемаларға қарамастан елдің осы саладағы елеулі жетістіктерін көрсетеді [18]. Дегенмен, Г.Р.Рүстемова мен Р.А.Абдуллаеваның зерттеулерінде атап өтілгендей, денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда ең өзекті мәселелердің бірі болып қалуда [19].

Менің ойымша барлық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік органдар саласындағы жемқорлықпен күресті ең басты мәселелерінің бірі ретінде қарастыруымыз қажет. Себебі, мемлекеттік басқару жүйесі оған тікелей бацланысты. Бұған тарих куә. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметті реформалау, кадрларын ротациялау, азаматтық қоғам институттары тарапынан мемлекеттік қызметті бақылау объективті түрде қажет. Қазіргі жағдайдағы мемлекеттік басқарудағы саясаттың арқасында елімізде мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа біраз жағдай жасалды және бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақсыздандырып, демократиялық және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жүргізуге қатер төндіруде. Сөздің шыны керек, қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты белгілі бір деңгейде оң қадамдар жасалып жатыр, оған тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң, түрлі мемлекеттік бағдарламалар кіреді. Дегенмен де, заңға әлі де көптеген өзгерістер қажет деп санаймын. Әсіресе мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында шет елдік тәжірибеге ерекше назар аударған жөн. Соңғы жылдары Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуде Сингапурлық тәжірибені зерделеуде және қызығушылық танытуда, алайда тек қызығушылық танытқан жеткіліксіз болып тұр. Біз әлдеқашан іске көшу қажет болатынбыз. 1990 жылдардың онжылдығында сыбайлас жемқорлық деп аталатын құбылыс халық арасында үлкен назар аударды. Үлкен дамыған және дамушы елдерде сыбайлас жемқорлық айыптауларына байланысты танымал саясаткерлер ресми лауазымдарынан айырылып, тіпті кейбір жағдайларда бүкіл саяси таптардың ауыстырылып жатқанын байқауға болады. Сондықтан көптеген дамушы мемлекеттер сол кезеңдері ең алдымен ішкі саясатын реттеп, жемқорлық сияқты мәселелерді күн тәртібіндегі мәселе ретінде қарады. Қазақстанда да жемқорлық мәселесі тек халық арасында талқыланып қана қоймай, 1997 жылдан бері ұлттық деңгейде қарастырылып келе жатыр.

1-кесте- ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауларын талдау

Жолдаулар уақыты	Жолдаулар атауы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысты тұжырымдар
1997 жылы қазан [20]	«Гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту»	Халық ғасыр соңына дейін аз да болса елімізде жақсартуларды күтуде және оған халқымыз толықтай лайық, сондықтан мен мұнда біздің Қазақстанды 2030 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспары контекстіндегі 1998-2000 жылдарға арналған ең маңызды міндеттерді ұсынамын. Басым мақсаттар бірі: Үкімет пен мемлекеттік қызметті реформалауды жеделдету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту.
2012 жылғы 27 қаңтар [21]	«Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты»	Алтыншы бағыт. Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту. Жаңғырудың маңызды мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлықпен табанды күрес. Осы бағыттағы іс-әрекетіміз мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық деңгейін айтарлықтай төмендетті. Мұны халықаралық сарапшылар атап өтуде. Бірақ жемқорлықпен күресудің жаңа стратегиясын әзірлеу керек. Басқа елдердің тәжірибесін зерттеп, оларды пайдалану керек. Мемлекеттік қызметшілердің кірістерін ғана емес, шығыстарын да декларациялауға көшу керек. Бұл мәселе бойынша заң қабылдауымыз керек. Үкіметке үш ай мерзімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді бағдарламасын дайындап, ұсынуды тапсырамын.
2018 жылғы 10 қаңтар [22]	«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»	Тоғызыншы міндетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және Заң үстемдігін нығайтуға баса назар аударылады. Бұл күрес Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу мақсатында жалғасатын болады. Соңғы үш жылда бұл науқан сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 2500-ден астам адамды соттады, олардың арасында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік компаниялардың басшылары болды. Осы күш - жігердің нәтижесінде 17 миллиард теңге шығын өтелді. Мемлекеттік органдарда олардың халықпен және бизнес-сектормен өзара іс-қимылын жақсартуды қоса алғанда, рәсімдерді цифрландыруға ерекше назар аударылады.

1-кесте- жалғасы

2020 жылғы 1 қыркүйек [23]	«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»	<p>2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстанда Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі жарияланды. Бұл модельде жүйелік реформаларға назар аударылады. Міндеті- мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің санын қысқарту процесін жеделдету. Жоспар олардың санын ағымдағы жылы 10 пайызға және келесі жылы 15 пайызға азайтуды көздейді, бұл 2021 жылға қарай 25 пайызға қысқарады. Бұл шешім цифрландыру үдерісімен сүйемелденеді және қызметкерлер санының одан әрі азаюын көздейді. Осы шаралардан алынған қаражатты үнемдеу қалған қызметкерлердің жалақысын көтеруге бағытталады. Біліктіліктің төмендеу қаупіне, бастамашылықтың жоғалуына және осы мәселеге жеткіліксіз назар аударудың салдарынан сыбайлас жемқорлықтың өсуіне ерекше назар аударылады. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап балдық-факторлық жүйе енгізіледі, оның мақсаты мемлекеттік қызметшілер арасында ынта мен жауапкершілікті арттыру болып табылады.</p>
Ескертпе- жыл сайынғы жолдауларының талдауы		

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1997 жылдан бері сыбайлас жемқорлық еліміздегі ең өзекті мәселелерді бір болып келген және Мемлекет басшысы әр жылы Қазақстан халқына жолдауында осы проблеманы ерекше атап өтіп, тиісті тапсырмалар беріп отырған. Бірақ, нақты мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру бойынша шаралар 2020 жылдан бастап қана жанданды. Сол жылдан бері жоғарыда берілген тапсырмалар әлі күнге дейін толықтай орындалмағаны өкінішті. Бұл мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс жасамай жатқандығын және үлкен өзгерістер қажет екендігін аңғартады.

Сыбайлас жемқорлық - бұл жаңа құбылыс емес. Екі мың жыл бұрын Үнді королінің премьер-Министрі Каутилла «Арташастра» атты кітабын жазды және онда ол осы мәселені жіті талқылады. Сонымен қатар, көптеген ғасырлар бұрын Данте жемқорлықты ол тозақтың ең терең бұрыштарында орналасуы қажет

құбылыс деп атау береді. Шекспир өзінің кейбір пьесаларында сыбайлас жемқорлыққа үлкен рөл берсе, ал американдық конституцияда парақорлықты Америка Құрама Штаттарының президентіне *Impeachment* (*импичмент*) жариялауға мүмкіндік беретін екі қылмыстың біріне айналдырды [24]. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа назар аудару дәрежесі бұрынғымен салыстырғанда едеуір жоғары. Неліктен қазір көп көңіл бөлінетіндігіне қатысты нақты жауап беруге мүмкіндік беретін сенімді статистика жоқ. Алайда, сыбайлас жемқорлық бұрынғыға қарағанда қазір көбірек назар аударатындығын көрсететін бірнеше дәлелдер келтіруге болады:

- Біріншіден, қырғи қабақ соғыстың аяқталуы кейбір индустриалды дамыған елдерде коррупцияны негізгі проблемалардың біріне айналдырды;

- Екіншіден, жоспарланған экономика саясатын ұстанатын елдерде әдетте сыбайлас жемқорлыққа назар аудармау үрдісі байқалатын еді [25]. Қазіргі уақытта олардың саны азаюды;

- Үшіншіден, соңғы жылдары демократиялық ұстанымдарға және бұқаралық ақпарат құралдар саласындағы қызметкерлерге өз жұмыстарын атқаруда еркіндік беретін елдер санының көбеюі сыбайлас жемқорлықты талқылауға кеңінен мүмкіндік жаратты;

- Төртіншіден, «Transparency international» сияқты үкіметтік емес ұйымдардың сыбайлас жемқорлық проблемасын жария етуде және көптеген елдерде жемқорлыққа қарсы қозғалыстар құрылып жатқандығы үлкен рөл атқаруда. Соңғы уақытта, халықаралық қаржы институттары мен басқа да халықаралық ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыста қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр;

- Бесіншіден, АҚШ-ң басқа елдерде орналасқан кейбір халықаралық және жергілікті институттардағы ықпалына байланысты бұл проблемаға қарсы күресте маңызды рөл атқарды. Олар басқа мемлекеттерге кейде ақпараттық немесе қаржылай көмек көрсетіп келеді. Мысалы, Қазақстанға келетін болсақ, Protenge.kz жобасын айтуға болады. Бұл әртүрлі тергеулердің нәтижелерін жариялайтын әлеуметтік желідегі парақша. Олар жариялайтын ақпараттар көпшілікке қол жетімді ресми құжаттардағы мәліметтерге негізделген. Оның негізін қалаушы, қазақстандық журналист Жәмила Маричева болып табылады. Ол 2021 жылы АҚШ Мемлекеттік департаменті құрған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы «Anticorruption Champions Award» сыйлығының лауреаты атанған болатын [26]. Осылайша, АҚШ сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күресіп жүрген адамдарға және ұйымдарға әртүрлі қолдау білдіріп отырады. Сәйкесінше, жемқорлықтың таралуына жол бермеуге тырысады. Бірақ шындығында, оның таралу деңгейі көптеген дамушы елдерде жоғары;

Қазіргі уақытта ұлттық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін көптеген факторлар бар. Осы факторлардың кейбіреулері төменде қарастырылады:

-Үкіметтегі сыбайлас жемқорлық: Мысалы, Министрлер немесе басқа саяси қайраткерлер жеке пайда көру үшін жобаларды орындауды талап еткен жағдайларда орын алуы мүмкін. Кейде олар орындаушыларға да өз қызметі үшін пайданың белгілі бір бөлігін беруге уәде береді және тапсырманы

орындауға міндеттейді. Осындай әрекеттердің арқасында сыбайлас жемқорлық қолдау тауып және оның жалғасуына ықпал етеді;

- Үкіметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәйекті саясаттың болмауы: Әділет министрлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды күшейтуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ететін ұйымдарды қудалауға ұмтылуы мүмкін. Алайда, Үкіметтегі сауда және интеграция министрлігі бұл шараға жанама қарсы тұрып, сыбайлас жемқорлық туралы жұмсақ заңдарды қабылдауға, ақпаратты ашу мен есеп беру талаптарын төмендетуге және сыбайлас жемқорлық үшін қудалауды барынша болдырмауға көбірек көңіл бөлуі мүмкін. Бір жағынан, үкімет сыбайлас жемқорлықпен күресуге тырысады. Екінші жағынан, іштегі дұрыс саясаттың болмауынан керісінше шығады.

- Сыбайлас жемқорлық туралы есептіліктің жеткіліксіздігі: сыбайлас жемқорлық туралы есептіліктің жеткіліксіздігі сыбайлас жемқорлықты күшейтеді, өйткені қылмыскерлер әшкерелеуден қорықпайды;

- Сыбайлас жемқорлық үшін жеткіліксіз қудалау: дамушы елдерде де, дамыған елдерде де сыбайлас жемқорлық үшін жеткіліксіз қудалау сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін болады. Егер сыбайлас жемқорлықтың заң бойынша қудаланатыны туралы нақты дәлелдер болмаса, жазықсыз адамдар мен ұйымдар сыбайлас жемқорлық әрекеттерін этикалық адамдар мен ұйымдар есебінен жалғастыра береді. Жоғарыда түсіндірілгендей, қудалаудың болмауы сыбайлас жемқорлыққа, Үкіметтің әрекетсіздігіне немесе ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, егер тек төмен деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды қудалау жүзеге асырылса, сыбайлас жемқорлық айтарлықтай төмендемейді. Егер жоғары элиталы саяси қызметкер сыбайлас жемқорлық әрекетіне тап болған жағдайда, онда оның лауазымна қарамастан сот әділ шешім шығарса ғана сыбайлас жемқорлық айтарлықтай азаяды;

- Мемлекеттік қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық және оның тәуекелдеріне деген осалдығы: қызметкерлер заңсыз салынған көппәтерлі тұрғын үй кешендерін мемлекеттік тіркеуден өткізу кезіндегі және рұқсат беру, жерге орналастыру жұмыстарын жасаған кезде және басқа да мәселелер бойынша жобаларға қатыса алады. Сыбайлас жемқорлық кең таралған елдерде мұндай қызметкерлер этикалық тұрғыдан әрекет етуге аз ынталандырылуы мүмкін;

- Сыбайлас жемқорлық айыптары туралы жалпыға бірдей қол жетімді деректердің болмауы. Егер елдер айыптау үкімдері мен қудалау туралы ақпараттарды ашық түрде жүргізсе, онда бұл парақорлықтың азаюына айтарлықтай көмектесетін еді.

Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің басты себебі мемлекеттік қызметшінің онымен қоса басқару функцияларын орындау кезіндегі пайдакүнемдік мүддесі болып табылады. Шенеунік өзінің билік және лауазымдық жағдайына байланысты мемлекеттік қаражатқа иелік етудің монополиялық құқығына ие, ал пайдакүнемдік қызығушылық оны өзінің қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдалануға итермелейді. Заң бойынша

мемлекеттік қызметші құқықтық актілерде және қоғамдық мақұлданған мәдени және моральдық нормаларда белгіленген мақсаттарды басшылыққа ала отырып, шешім қабылдауға міндетті. Бірақ, жалпы мақсаттар белгілі бір іс-әрекетте бейнеленген лауазымды тұлғаның пайдакүнемдік мүдделерімен алмастырылады және мемлекеттік басқару жүйесінің әртүрлі қабаттарында қызмет бабын теріс пайдалану орын алады. Әдетте, жоғарғы әкімшілік сыбайлас жемқорлық жоғары құзіреттілікке ие және шешімдер қабылдаумен байланысты болады: оларға заңдарды қабылдау, мемлекеттік тапсырыстарды бөлу, меншік нысандарының өзгеруі кіреді. Сондай-ақ, әкімшілік басқарудың орта және төменгі деңгейлерінде де жиі кездеседі. Айта кетсек оларға: жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру, онымен қоса жерге орналастыру жұмыстары және әртүрлі рұқсаттар және тағы басқа мемлекеттік қызметтерді көрсету жатады.

Жалпы мемлекеттік қызметте парокорлық орын алатыны бәрімізге мәлім бірақ оның қандай түрлері бар екенін көпшілік біле бермейді. Оның келесідей түрлері мемлекеттік басқаруда жиі кездеседі:

- Бюджет қаражатын бөлу кезіндегі сыбайлас жемқорлық;
- Мемлекеттік сатып алудағы алаяқтық;
- Кәсіпорындарды заңсыз жекешелендіру;
- Табиғи ресурстарды бақылау саласында қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану;

- Көлеңкелі экономиканы қолдау [27].

Әлбетте, бұл саладағы негізгі жемқорлар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Әдетте, алаяқтық схемалар мен пара саясаткерлерге де, төменгі деңгейдегі шенеуніктерге де қатысты болады. Тек қана алынған пайданың мөлшері ғана өзгеруі мүмкін. Осы ретте, қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлықтың келесі түрлерін ажырату керек:

- Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық;
- Парламенттегі сыбайлас жемқорлық;
- Кәсіпорындардағы жемқорлық [28].

Көптеген сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік басқаруда жоғары сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ішкі және сыртқы тежеу тетіктерін қамтамасыз ететін саяси институттардың жетілмегендігі болып табылады деп тұжырымдап отыр.

Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығы өте жоғары өйткені мемлекеттік қызметшілердің өз қызметтерін орындау кезінде жеке басын ойлап, өз қызметі аясында заңға қайшы келетін әрекеттер жасап, қосымша қаражат табуы мүмкін. Негізі олар төмендегідей болып бөлінуі мүмкін [29]:

- Үлкен жемқорлық; Әдетте оған мемлекеттің саясатын немесе орталық қызметін бұрмалайтын жоғары деңгейде жасалған әрекеттер жатады. Соның нәтижесінде жоғары көшбасшыларға үлкен пайда табуға мүмкіндік береді. 1996 жылы осындай көрініс Оңтүстік Кореяның бұрынғы екі Президенті Ро Тхэ Ву және Чон Ду Хванмен орын алған болатын. Олар сыбайлас жемқорлық ісінде

кінәлі деп танылды, яғни жоғары саяси көшбасшыларға қомақты ақша беріп, бизнесте заңсыз артықшылықтарға ие болды.

- Ұсақ жемқорлық; Төменгі және орта деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің қарапайым азаматтармен өзара әрекеттесуінде сеніп тапсырылған өкілеттіктерді күнделікті теріс пайдалануы.

- Мемлекеттік сектор; Үкіметте немесе мемлекеттік органдарда арнайы мақсаттарға сеніп тапсырылған өкілеттіктерді теріс пайдаланудың кез-келген түрі жатады.

- Парақорлық; Ұсыныс, уәде беру, этикалық емес немесе сенімді бұзатын әрекетке ынталандыру ретіндегі артықшылықтар. Ынталандыру сыйлықтар, қарыздар, төлемдер, сыйақылар немесе басқа да артықшылықтар түрінде болуы мүмкін.

- Ысырап ету; Мекемеде, ұйымда немесе компанияда жұмыс істейтін адам өзіне сеніп тапсырылған қаражат пен тауарларды жеке байыту немесе басқа қызмет түрлері үшін заңсыз иемденсе, пайдаланса немесе өткізсе. Мысалы: Чунг Монг Ку, Hyundai Motors компаниясының бұрынғы төрағасы, 2007 жылы компания қаражатынан 110 миллион АҚШ долларын тиісті мақсатта қолданбағаны үшін сотталды.

- Непотизм; Таныстыққа немесе қарым-қатынасқа негізделген жемқорлықтың бір түрі, онда ресми лауазымға ие адам өзінің күші мен өкілеттіктерін отбасы мүшесіне немесе досына қызмет көрсету үшін пайдаланады. Мысал ретінде Еуропалық комиссияда сыбайлас жемқорлықтың ең сенсациялық жағдайларының бірі 1995-1999 жылдары Францияның бұрынғы премьер-министрі Эдит Крессон СПИД-тің зерттеу есептерін дайындау үшін өзінің жақын танысы тіс дәрігерін жалдау арқылы непотизмді қолданған болатын.

- Мүдделер қақтығысы; Үкімет, бизнес, бұқаралық ақпарат құралдары немесе азаматтық қоғам ұйымының қызметкерлері өздерінің негізгі міндеттерінен бөлек басшылықтың айтқан заңға қайшы тапсырмаларын орындау түрі.

Келесі кезекте, мемлекеттік қызметте жұмыс деңгейлері бойынша сыбайлас жемқорлықты төмендегідей үш түрге бөлуге болады: төменгі, жоғарғы және тік.

Төменгі сыбайлас жемқорлық негізінен мемлекеттік қызметтің төменгі деңгейлерінде жиі кездеседі және азаматтардың көпшілігінің күнделікті өміріндегі алатын қызметтерді, яғни жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру, онымен қоса жерге орналастыру жұмыстары және әртүрлі рұқсаттар және тағы басқаларды қамтиды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдердің бұл түрі мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінде ең көп таралған түрі болып табылады.

Жоғарғы сыбайлас жемқорлық билік органдарында және атқарушы органдарда жұмыс істейтін қызметкерлерді, жоғары бюрократияны қамтиды және жоғары бағаға ие шешімдер қабылдаумен байланысты деңгейлерде кездеседі. Әдетте, сыбайлас жемқорлық қылмысын және оның тәуекелдерін сипаттайтын негізгі белгілер:

- белгілі бір санатпен жасалған қылмыстардың жиынтығы;
- лауазымы мен мәртебесі бойынша өздерінде бар мүмкіндіктерді басқа тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қарамастан, жеке де, шағын да топтық пайдаларды заңсыз алу үшін пайдалануы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған соңғы халықаралық құжаттардың бірі, атап айтқанда, 1996 жылы 29 наурызда Венесуэланың астанасы Каракаста сыбайлас жемқорлыққа қарсы америкааралық Конвенцияда келесі «сыбайлас жемқорлық жағдайлары» келесідей аталған [30]:

- мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамның мемлекеттік қызметті көрсету аясында ақшалай құны бар кез келген затты алуы;
- сондай-ақ аталған адамдарға осындай заттарды немесе пайданы ұсыну немесе беруі;
- көрсетілген іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде алынған мүлікті алаяқтық жолмен пайдалану немесе жасыру және тағы басқалар.

Жоғарыда келтірілген жіктеулер осымен аяқталмайды және бұл бағытта әлі де зерттеулер жүрізуді талап етеді. Үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-саяси, экономикалық, психологиялық және рухани-идеологиялық жағдайлар аясында қазіргі қоғамның өмірінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің жаңа формалары пайда болуы мүмкін. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шараларды әзірлеу мақсатында осы құбылыстың жай-күйі мен эволюциясын тұрақты түрде мониторингтеу қажеттілігіне алып келеді.

Зерттеу әдістемесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және оларды жою жолдары бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін ұсынылған материалдың мазмұны негізінде кешенді тәсіл қолданылды. Анық ақпарат сыбайлас жемқорлықтың нақты оқиғаларын, олардың себептері мен салдарын сипаттауды қоса алғанда, ұсынылған егжей-тегжейлі зерттеуден алынды:


Мазмұнды талдау: Біріншіден, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, олардың себептері мен салдарына қатысты негізгі сәттерді анықтау үшін заңсыз салынған көппәтерлі тұрғын үй кешендерін мемлекеттік тіркеуден өткізу кезіндегі егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Бұл кезең негізгі тақырыптық ақпараттарды оқу, санаттау және бөлектеуді қамтыды.

- Кестелерді құру және салыстыру: Тандалған ақпарат негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою бойынша ұсыныстарды көрсететін жиынтық кестелер құрастырылды. Бұл кестелер деректерді жүйелеуге және құрылымдауға мүмкіндік берді, оларды талдау үшін түсінікті және қолжетімді етеді.

- Ақпаратты талдау: Негізгі нүктелер анықталып, жүйеленгеннен кейін ақпарат жан-жақты талдау жүргізілді. Бұл жинақталған ақпарат негізінде жалпыланған ұсыныстар мен қорытындыларды тұжырымдауды қамтиды.

- Мәтінді құрастыру: Қорытынды кезеңде алынған ақпарат пен жүргізілген талдау негізінде негізгі қорытындылар мен ұсыныстарды бейнелейтін мәтін құрастырылды.

Осылайша, ұсынылып отырған әдістеме сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың бастапқы ақпараттан бастап практикалық ұсыныстарды әзірлеуге дейін дәйекті және құрылымдық тәсілін болжайды (Сурет 3).



3-сурет. Зерттеу әдістемелерінің құрылымы
Ескертпе-зерттеудің жалпы сипаттамалары

Талдау және зерттеу нәтижелері

1. Сыбайлас жемқорлық пен оның тәуекелдеріне қарсы күрестің шетелдік тәжірибесі

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік негіздерді бұзатындығына, азаматтардың билікке деген сеніміне нұқсан келтіретініне, инвестициялық тартымдылықты төмендететіндігіне, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейтіндігіне, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретініне, сондай-ақ азаматтардың өмір сапасына айтарлықтай әсер ететіндігіне ешқандай күмән жоқ.

Канада, Австралия және Қазақстанның көптеген ұқсастықтары бар. Елдердің аумағы кең, халықтың тығыздығы төмен, олардың жартысы ауылдық жерлерде тұрады. Тұрғылықты жеріне, әлеуметтік мәртебесіне және қызмет алушының компьютерлік сауаттылық деңгейіне қарамастан, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу осындай елдерде маңызды мәселе болып табылады.

Шетелде іске асырылатын ақпараттық қоғам мен «электрондық үкіметті» құру бағдарламалары қоғамның экономикасы мен әлеуметтік дамуында көшбасшылық позицияларға қол жеткізуді мақсат етеді. Айқын әлеуметтік-экономикалық бағыттан басқа, басым бағыттар құқықтық дамуды, кадрлық мәселелерді және АКТ-инфрақұрылымын жетілдіруді қамтиды. Халыққа қызмет көрсетудің көпфункционалды орталықтарын ашуға көп көңіл бөлінеді.

«Электрондық үкіметті» қалыптастыру идеясы өткен ғасырдың 90-жылдарында пайда болды. Содан кейін көптеген дамыған елдер оны енгізу бойынша белсенді жұмысты бастады.

Канада мемлекеттік құрылымдардың ақпаратына ашық қол жеткізу мәселесін шешуді әлемде алғашқылардың бірі болып бастағандықтан, ол «электрондық

үкімет» саласындағы инновацияларда көшбасшы болып саналады. 1994 жылы ел үкіметі «e-government» шартты халықаралық атауымен «мемлекеттік органдардың ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қызмет көрсету жобасын» шығарды.

Канада бес жыл ішінде "электрондық үкімет" жүйесін құруды жүзеге асырды, бұл процесті үш кезеңге бөлді. Жүйені тиімдірек ұйымдастыру үшін төрт тізбекке модульдік бөлу пайдаланылды: біріншісі-контекстке қол жеткізуді қамтамасыз ететін GOL -канадалық сайт; екіншісі-ішкі порталдардан тұратын ақпараттық портал; үшіншісі-іздеу машинасын, бизнес-процестерді автоматтандыру жүйесін, қосымшалар мен деректерді біріктіру жүйелерін қамтитын аралық бағдарламалық қамтамасыз ету; және ақырында, төртінші-қағаз және электрондық құжаттарды басқару жүйелерін, электрондық сақтауды және дерекқорды басқару жүйесін қоса алғанда, инфрақұрылымдық бағдарламалық қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта Канада биліктің халықпен өзара әрекеттесуі үшін 500-ге дейін интернет-сайттарды біріктіретін ақпараттық порталды пайдаланады.

Канададан, Сингапур және АҚШ-тан кейін "электрондық үкімет"жүйелерін дамытуда көшбасшы болды. Бұл үш ел сонымен қатар электрондық төлемдер, салық декларациялары, дауыс беру және басқалары сияқты мемлекеттік веб-қызметтердің ең көп санымен ерекшеленді, сонымен қатар пайдаланушыларға ыңғайлылық пен қол жетімділікті қамтамасыз ететін күрделі интерфейске ие болды.

Сол кездегі желілік аспект бойынша Швеция, Нидерланды және Жапония "электрондық үкіметті"дамытуға дайындықтағы алғашқы елдердің бірі болды. Бұл елдердегі Интернеттің дайындығын бағалау Интернетті пайдаланушылардың жалпы санын, кең жолақты және мобильді құрылғылардың таралуын және веб-ресурстарға арналған қауіпсіздік жүйелерінің санын қамтыды.

Мемлекеттік қызмет порталдарын жасау тәсілдемесі

Бүгінгі таңда әлемде мемлекеттік қызмет порталдарын жасаудың екі тәсілі бар – ол «жоғарыдан төмен» қағидаты бойынша құрылған орталықтандырылған және «төменнен жоғары» қағидаты бойынша құрылған мета-жүйесі.

Мысал ретінде "жоғарыдан төмен" тұжырымдамасын қолдана отырып жасалған орталықтандырылған интернет-ресурс болып табылатын Ұлыбритания үкіметінің порталы туралы айтуға болады. Оның басты мақсаты бірыңғай ақпараттық кеңістікте мемлекеттік қызметтерді ұсыну мақсатында әртүрлі билік органдарының интернет-сервистерін интеграциялау болып табылады. Портал әртүрлі сервистерді біріктіреді және азаматтар мен ұйымдарға қызмет көрсету үшін жауапкершілік орталығы болып табылады.

АҚШ-та мета-жүйенің "төменнен жоғары" тұжырымдамасына негізделген мемлекеттік қызмет порталдарын әзірлеудің бірегей тәсілі бар. Бұл тәсіл аймақтық және жергілікті билік органдарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің өзіндік жүйелері болғанын ескере отырып жасалды. Бұл мета-

жүйенің басты мақсаты мемлекеттік қызметтер туралы жалпы метадеректер базасын құру болды. Федералдық порталда барлық ақпарат төрт негізгі топқа бөлінеді: азаматтар үшін, кәсіпкерлер үшін, мемлекеттік қызметкерлер үшін және ел қонақтары үшін. Бұл портал Интернет пайдаланушыларына мемлекеттік қызметтер мен қосымша Сервистерді ұсыну тәртібі туралы ақпаратты іздеуге және алуға мүмкіндік беретін бірыңғай функционалдық орталық ретінде жұмыс істейді.

Мемлекеттік органдар қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мемлекеттік қызметтер көрсету саласы сыбайлас жемқорлыққа осал екенін көрсетеді, өйткені қызмет көрсететін мемлекеттік органдар, ұйымдар мен халық арасында тікелей байланыс туындайтындықтан, «адам факторы» қолданысқа енгізіледі.

Көпфункционалды халыққа қызмет көрсету орталықтары және мобильді сервистер

Көптеген дамыған елдерде мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынасының перспективалы арнасы болып табылатын «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің көпфункционалды орталықтары бұрыннан жасалған. Көпфункционалды орталықтардың жобалары қазірдің өзінде Бразилияда, Ұлыбританияда, Германияда және Канадада әзірленген және қалыпты жұмыс істеуде.

Германияда азаматтарға әртүрлі муниципалдық қызметтерді ұсынатын халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) бар. Олар алғаш рет шамамен 25 жыл бұрын, 80-жылдардың басында эксперименттік және пилоттық мекемелер ретінде енгізілді. Олардың негізгі міндеті қарапайым әкімшілік қызметтерді ұсынатын әмбебап агенттіктер құру болды. Қазіргі уақытта мұндай муниципалды ХҚКО ірі қалалар мен аймақтық әкімшіліктерде кең таралған.

Мысалы, 1 миллионға жуық адам тұратын Кельнде халыққа қызмет көрсету орталығының 9 филиалы (оның ішінде орталық "клиент орталығы" және 8 филиал) жұмыс істейді. Бұл филиалдардың әрқайсысы шамамен 110 мың тұрғынға қызмет көрсетеді. ХҚКО ұсынатын қызметтердің негізгі түрлеріне тіркеу, сәйкестендіру карталарымен және төлқұжаттармен жұмыс істеу, жүргізуші куәлігін беру жатады. Егер азаматтарға басқа қызметтер қажет болса немесе күрделі жағдайлар туындаса, олар ХҚКО-да қызмет көрсету нүктелері бар мамандандырылған басқармаларға жүгіне алады.

Сондай-ақ, "физикалық" қызметтерді онлайн-платформалармен интеграциялау жүзеге асырылды. Енді өтініш берушілер Интернет арқылы қажетті құжаттар бланкілерін ала алады. Қызметтердің көпшілігі онлайн өтінімдер үшін қол жетімді, сонымен қатар муниципалдық әкімшіліктің қызметкерлерімен кездесуге онлайн уақытты брондауға болады. Неғұрлым күрделі қызметтерді көрсету үшін "онлайн-ХҚКО" сервисі жұмыс істейді.

Орталықтардың күту залдары кезекке қою талондарын беру автоматтарымен, талондардың нөмірлері көрсетілетін экрандармен, келушілерге арналған көшіру аппаратурасымен және паспортқа фотосуреттер дайындауға арналған фотоавтоматпен жабдықталған. Қажетті қызмет үшін орталық кассада төлем жасауға болады.

Тағы бір мысал – қызмет көрсету кезінде Ресейдегі проблемаларға ұқсас проблемалары бар Канада. Бұл ұқсастық, ең алдымен, үлкен қашықтық, экстремалды климаттық жағдайлар (солтүстік жақтағы халықтар), елдің көп бөлігіндегі халықтың тығыздығының төмендігі және мәдени әртүрлілігі сияқты географиялық жағдайға байланысты. Сонымен қатар, Канада үкіметінің құрылымында билік иерархиясы емес, өкілеттіктердің бөлінуі бар.

Канадада федералды деңгейде соңғы он жылда "бір терезе" жүйесінің жобасы сәтті жүзеге асырылуда. 90-шы жылдардан бастап Канада үкіметі елде мемлекеттік қызметтерді ұсынуда белсенді жұмыс істей бастады. 2005 жылдың қыркүйегінде services Canada жобасы іске қосылды, ол тұтынушыларға бағытталған әртүрлі мемлекеттік қызметтерге көп арналы қол жетімділікті қамтамасыз ететін әмбебап қызмет көрсету орталығына айналды. Азаматтар мемлекеттік бағдарламалар мен қызметтерге қол жеткізу үшін телефон, жеке байланыс немесе онлайн тәсіл сияқты әртүрлі қызмет арналарын таңдай алады. Бұл бағдарламаны адами ресурстар және әлеуметтік даму министрі басқарады.

Services Canada 320 мемлекеттік қызмет көрсету пунктін қамтиды, сонымен қатар жоба аясында жоғары сапалы қызмет көрсету үшін сертификаттау бағдарламасын ұсынатын services Canada колледжі жұмыс істейді. Канада провинцияларымен тік интеграцияға қол жеткізу үшін қызмет көрсету агенттіктері Канада қызметтерімен ынтымақтасады.

Тағы бір сәтті шетелдік жоба-2002 жылдан 2005 жылға дейін жүргізілген "азаматтарға мобильді қызмет көрсету" бастамасы (Mobile Bürgerdienste немесе MoBüD). Бұл жоба Берлинде "мобильді коммуникациялық құралдар" бастамасы (MobilMedia) аясында азаматтарға қызмет көрсету үшін мобильді қызметтерді әзірлеу және енгізу мақсатында әзірленді. MoBüD жобасы консорциум шеңберінде экономика және еңбек министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылған бірлескен бастама болып табылады, оған Сенаттың Ішкі Істер басқармасы мен фрауенхоф телекоммуникация институты кіреді. Бұл жоба интернет пен мобильді технологияларды интеграциялау арқылы мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында байланыс орнатуға бағытталған. Мақсат-мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін дәстүрлі кеңселерге балама құру және mGovernment немесе "мобильді үкімет" деп аталатын шенеуніктер, азаматтар және әртүрлі ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа әдісін енгізу.

Демек, мемлекеттік қызметтер қол жетімді және азаматтар мен бизнестің қажеттіліктеріне бейімделеді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері компаниялардың кеңселеріне, кітапханаларға, супермаркеттерге, сондай-ақ қарттар үйлеріне белсенді түрде барады, ноутбук, принтер, төлем терминалы және басқаларын қамтитын портативті жабдықтың көмегімен жергілікті жерде қызмет көрсетеді. Бұл анықтамалық ақпарат пен кеңес беруден бастап өтініштерді қабылдауға және қызмет ақысын өндеуге дейінгі қызметтердің кең спектрін ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай қызметтерге тіркеу рәсімдері, төлқұжаттар мен жеке куәліктер беру, тұрғын үйді жалға алу мәселелері және тағы басқалар жатады. Осының арқасында азаматтар сапалы қызметтер мен өзекті ақпаратты өздеріне ыңғайлы жерлерде алады.

Мобильді терминалдар-бұл компьютер, принтер және банк карталарын оқу құрылғысын біріктіретін портативті құрылғылар. Олар WLAN желілеріне қосылады, бұл мемлекеттік қызметтерге ақы төлеуге және әртүрлі төлемдер алуға мүмкіндік береді. Деректерді тиімді беру арқылы бұл жүйелер стационарлық кеңселер сияқты толық қызмет көрсетуге қабілетті, бірақ икемді, мобильді форматта.

Бұл мобильді қызмет көрсету орталықтары азаматтарға айтарлықтай ыңғайлылық әкеледі, бұл оларға уақытты үнемдеуге және ыңғайлы және жайлы ортада қызмет алуға мүмкіндік береді. Ноутбук, принтер және банк карталарын оқу құрылғысы бар мобильді терминалдарды қамтитын Германиядан келген mobüd жобасы соншалықты сәтті болды, ол Германияның басқа қалаларына ғана емес, Нидерланды, Эстония және Швеция сияқты елдерге де таралды.

Қазақстан Республикасында "бірыңғай терезе"қағидаты бойынша жұмыс істейтін халыққа қызмет көрсету орталықтарының тұжырымдамасы іске асырылуда. Бұл орталықтарда азаматтар бір жерде паспорт ресімдей алады, жеке салық нөмірін (СТН), жүргізуші куәлігін ала алады, сондай-ақ әртүрлі құжаттарды алуға байланысты елуден астам түрлі мемлекеттік қызметтерді пайдалана алады. Бұл бастама алғаш рет 2005 жылы Алматы және Астана қалаларында іске қосылды. Еуропалық комиссияның мәліметі бойынша, бұл орталықтардың тәжірибесі Еуропа елдерінде осындай ұйымдарды құру үшін пайдалы болуы мүмкін.

Қазақстанда халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылғанға дейін азаматтар қажетті құжаттарды ресімдеу үшін бюрократизммен, қағазбастылықпен, шенеуніктердің біліксіздігімен және сыбайлас жемқорлығымен бетпе-бет келіп, көп уақыт пен ресурстарды жұмсай отырып, түрлі ведомстволарға жүгінуге мәжбүр болды. Ведомстволар азаматтарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру шығындарын көтерді, ал даулы жағдайлар туындаған кезде дауды объективті шешуге шенеуніктердің корпоративтік ынтымақтастығы кедергі келтірді.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) азаматтардың қажетті құжаттарды ресімдеу процесінің объективті мониторингін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл сыбайлас жемқорлықпен күресуге ғана емес, сонымен қатар артық бюрократияны, қағазбастылықты және қызмет көрсету қабілетсіздігін жоюға көмектеседі. Азаматтарға ыңғайлылықтың ең жоғары деңгейін ұсыну мемлекеттік ведомстволарға өз ресурстарын құжаттарды тиімді және уақтылы өңдеуге шоғырландыруға мүмкіндік бере отырып, ХҚКО-ның сауатты ұйымдастырылуының арқасында қамтамасыз етіледі.

Қандай да бір құжаттарды тапсыру және сұрау салу процесі соншалықты жеңілдетілгені соншалық, енді азаматтар ХҚКО-ның кез келген «терезесіне» құжаттармен қоса берілген өтінішті ұсынады, ал орталық қызметкерлері қабылданған құжаттарды тиісті ведомстволарға жібереді және талап етілетін іс-әрекеттер жүзеге асырылғаннан кейін тұтынушыларға дайын нәтиже береді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының операторлары мемлекеттік қызметтердің әрбір түріне өтініштер мен құжаттарды қабылдау жөніндегі бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады, соның есебінен қызметкерлер

жұмысының жан-жақтылығына қол жеткізіледі. Өз функцияларын орындау кезінде операторды клиенттерге заңсыз артықшылық беру немесе, керісінше, заңсыз кедергі жасау мүмкіндігінен айырады.

Келешекте мемлекеттік органдар мен табиғи монополиялар субъектілері қызметтер көрсетудің баламалы тәсілін қоспағанда, қызметтердің 90%-ы электрондық форматқа, ал қалғандары - мемлекеттік корпорацияға ауыстырылатын болады.

Осылайша, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қарым-қатынастарды болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі жүйелі және кешенді шаралар сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, қағазбастылықтан бас тарту керек. Азаматтардың барлық мәліметтері цифрландырылып, қажетті ақпарат сұратылатын және онлайн режимінде ұсынылатын бірыңғай дерекқорға біріктірілуі тиіс.

«Клиенттің уәделерін орындау» мемлекеттік қызметтерді ұсынуға арналған алдағы жол, Малайзия

Клиентке бағдарлану көбінесе мемлекеттік сектордың мәдениетімен, иерархиялық ұйымдық құрылымдармен және агенттіктердің әртүрлі басымдықтарымен күмән келтіріледі. Бұл қиындықтарды жеңу агенттіктің басымдықтарын тұтынушыға бағытталған стратегияны жүзеге асыру үшін тұтынушылардың талаптарына сәйкестендіруді білдіреді.

Жеке сектор ұйымдары өз клиенттеріне бірегей және жекелендірілген тәжірибе беру арқылы ерекшеленуге тырысады. Бұрынғыдан да бетер «клиент-патша» және сол сөз мемлекеттік сектор ұйымдарына қатысты, өйткені олар салық төлеушілердің «инвестицияларына» айырбастау үшін жақсартылған қызметтерді ұсынуға тырысады.

Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, мемлекеттік сектор ұйымдары әрбір азаматқа сапалы қызмет көрсету міндетін орындайды. Мысалы, кейбір елдерде «клиенттерді қорғаушылар» тәсілі қабылданды, ал басқалары өздерінің мемлекеттік сектор ұйымдары жұмысының тиімділігін бағалау үшін клиенттердің қанағаттанушылығына арнайы сауалнамалар жүргізеді.

Дегенмен, олар көбінесе кейбір маңызды қосымша қиындықтарға тап болады, атап айтқанда олардың ауқымы, яғни клиенттердің «сапарлары» әртүрлі агенттіктермен, сондай-ақ бірегей сипаттамаларға, қажеттілік дәрежесіне, әртүрлі қалауларына және қиын өмір сүру жағдайларына ие адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігімен байланысты.

Бұл қысым әрқашан мемлекеттік сектор ұйымдарының өмір сүру нормасы болғанымен, соңғы жылдары ол айтарлықтай өсті. Нәтижесінде қызмет көрсетудің әмбебап модельдері біртіндеп жойылып, жаңа модельдер енгізілуде.

Мемлекеттік сектор жеке сектордың негізгі тұжырымдамаларын импорттай отырып, тиімді және клиентке бағытталған жұмыс істейді деп күтілуде, бұл маңызды клиенттік тәжірибе алу үшін әр әрекетті/стратегияны сәйкестендіруді білдіреді. Тапсырыс беруші қызмет көрсету стратегиясының

орталығында болуы керек болса да, енгізуге қолайлы тәсіл мемлекеттік сектор ұйымдарын құрылымдау тәсілдерін ескеруі керек. Атап айтқанда, иерархиялық, «бірлеспеген» құрылымдар клиенттерге қызмет көрсету үшін үлкен қиындық тудыруы мүмкін.

Клиентке бағдарлану үшін мемлекеттік сектор ұйымдары бірінші кезекте өз мәдениетін клиенттерге қызмет көрсетуге бейімдеуі керек. Бұл агенттік пен клиенттердің басымдықтарын келісуді білдіреді. Бұл клиенттердің әртүрлі топтарының күрделілігін түсінуді және оларға сұранысқа бағытталған модель арқылы арналар мен интерфейстерді таңдауды қамтамасыз етуді білдіреді, тұтынушылар неғұрлым көп болса, соғұрлым олар қажетті қолдау мен басшылық деңгейіне сәйкес арналарды пайдаланады. Бұл клиенттерге бір байланыс нүктесі арқылы тиімді қызмет көрсету үшін агенттіктің бытыраңқылығын жоюды білдіреді. Бұл қызметкерлерді ынталандыру үшін клиентке бағытталған көрсеткіштерді пайдалануды білдіреді.

Google философиясы: ең бастысы пайдаланушыға көңіл бөліңіз, ал өзгесі жүре түзеледі.

Құрылғаннан бері Google ең жақсы пайдаланушы интерфейсін қамтамасыз етуге назар аударды. Көптеген компаниялар өз клиенттерін бірінші орынға қоямыз деп мәлімдегенімен, акционерлік құнды арттыру үшін кішігірім құрбандықтар жасауға қарсы тұра алатындар аз. Google пайдаланушыларға ешқандай пайда әкелмейтін өзгертулер енгізуден бас тартады. Әрқашан пайдаланушының мүдделерін бірінші орынға қоя отырып, Google интернеттегі ең бейілді аудиторияны жинады. Бұл өсу теледидардағы жарнамалық компаниялардың арқасында емес, бір қанағаттанған пайдаланушының екіншісімен бөлісуінің арқасында болды.


Заманауи менеджментте кез келген күрделі істі басқалардың қателіктерінен емес, керісінше олардың жетістіктерінен сабақ алған дұрыс деген тамаша ереже қалыптасқан. «Үздік тәжірибе» қағидалары тек оң нәтижелерге қол жеткізу тәжірибесін зерделеуге ғана емес, сонымен қатар бұрынғылардың жетістіктерін қайталау және мүмкіндігінше одан да асып түсу үшін қажетті сенімділік серпінін алуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрестегі осындай мысалдардың бірі қазіргі Сингапурдың тарихы болып табылады. Шын мәнінде Сингапурдың сыбайлас жемқорлықпен күрестегі жетістіктері бүкіл әлемді таң қалдырады. Билік авторитарлық әдістерді қолдана отырып, бюрократияны бақылауда ұстауда және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу міндетін сәтті орындап келеді [30]. Осының арқасында, Сингапурда мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықсыз халық игілігі үшін тиімді жұмыс жасауына толықтай мүмкіндіктер жаратылған. Бірақ, бұл әдістердің барлығы Қазақстанда жұмыс істеуіне ешкім кепіл бере алмайды. Әдетте, сыбайлас жемқорлық соттарға, прокуратураларға, полицияға және мемлекеттік қызметке толықтай еніп кеткен кезде ғана Сингапурдың Сыбайлас жемқорлықты тергеу бюросы сияқты агенттіктер құрылады. Сондықтан, мұндай органдар басқа құқық қорғау құрылымдарынан тәуелсіз және елдің жоғарғы басшысына тікелей бағынады. Оларда ең лайықты және сапалы кадрлар таңдалады. Мұндай органға оның қызметін қоғамдық

бақылаудың тиімді жүйесі аясында жедел-іздігіру әрекеттерін жүргізу үшін төтенше өкілеттіктер беріледі. Қазақстанды Сингапурмен салыстыру және оның әдістерін өзімізге қолдану кері нәтиже бермеу үшін бұл мәселеге жүйелі түрде қарауымыз қажет. Басқаша айтқанда, масштабтарға, елдің менталитетіне және тағы басқа факторларға ерекше назар аудару керек.

Жемқорлықты қалыпты жағдай деп санайтын ортада мемлекеттік қызметте жемқорлыққа қарсы реформаларды бірден жасау мүмкін емес. Өйткені, елімізде сыбайлас жемқорлықпен шын мәнінде күресу шараларын жүзеге асыру үшін орасан зор әкімшілік ресурс, халықтың қолдауы ғана жеткілікті болмайды, оған қоса мемлекет басшысының және басқа да саяси элиталардың осы мәселемен шын ниетпен күресуге саяси ерік-жігері қажет етеді. Сыбайлас жемқорлықпен нақты күрес мерзімі белгіленген науқан емес. Бұл үздіксіз жүргізілуі тиіс мемлекет қызметінің бағыты. Сингапурда авторитарлық әдістер негізінен саяси басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға шын ниетінің арқасында жұмыс істеп келеді. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін сотталған әрбір адам банктегі шоттарының көлеміне және қоғамдағы беделіне қарамастан жазалануы қажет. Әйтпесе, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек көргізілме ретінде болуы мүмкін. Қазіргі еліміздегі билігі бұған қабілетті болған жағдайда мемлекеттік басқаруда жемқорлықтың көзін жоюға болады.

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет көрсету барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық

Мен соңғы жылдары еліміз сыбайлас жемқорлықпен қалай күресіп жатқандығы жайлы зерттедім және біз жемқорлықпен дұрыс немесе бұрыс бағытта күресіп келе жатырғанымыз жайлы анықтадым. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тенденцияны байқадым (Сурет 4).



4-сурет- Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін айыппұлмен босатылғандардың жалпы саны [31]

Ескертпе-жазалау тәсілдері

Сөздің шыны керек, соңғы жылдары елімізде жемқорларға қатысты жаза жұмсақ болып келді. Біз шенеуніктерді сыбайлас жемқорлық фактісі үшін түрмеге отырғызудың орнына, айыппұлдарды ғана сала бастадық. Кестеде

көріп отырғанымыздай, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тартылған мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының жартысы айыппұл бойынша шығарылған. Мысалы, егер 2019 жылы шенеуніктердің 46 пайызына сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін айыппұл салынса, ал, 2022 жылы бұл көрсеткіш 65 пайызға дейін жеткен. Менің ойымша, бұл қате тәсіл және бұл бағытта жүре берсек жемқорлық деңгейін елімізде ешқашан төмендете алмаймыз. Билік жемқорлықпен күресу керек дейді, бірақ іс жүзінде басқа көріністі байқап отырмыз. Бүкіл әлемде, әсіресе Сингапурда сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны қатайтудың арқасында ғана тәртіпті қалпына келтіріп жатыр. Ал біз жемқор мемлекеттік қызметшілерге жұмсақ қарап жүрміз. Бұл арқылы біз ешқандай нәтижеге жете алмаймыз. Билік ең алдымен шенеуніктердің жемқорлық әрекеттері үшін тек айыппұл салумен шектелмей, оларды заң аясында соттап, тиісті қатаң жазаларын беруі қажет.

Сондай-ақ, осы бағытта мәселені зерттеу кезінде тағы бір ерекше үрдіс байқадым. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жариялаған ақпараттарға сүйенсек, сыбайлас жемқорлық фактісімен 2019-2022 жылдары тек орта және кіші шенді мемлекеттік қызметшілерді тұтқынға алып жатқандығын көруге болады (Кесте 2).

2-кесте-Билік вертикалі және 2021 жылы сыбайлас жемқорлықпен ұсталған саяси қызметкерлердің саны [31]

1	Президент	0
2	Сенат төрағасы	0
3	Мәжіліс төрағасы	0
4	Премьер-министр	0
5	Премьер-министр канцеляриясы	0
6	Министрлер	0
7	Облыс әкімдері	0
8	Сенат депутаттары	0
9	Мәжіліс депутаттары	0
10	Парламент аппаратының жетекшілері	0
11	Вице министрлер	1
12	Агенттік жетекшілер	1
13	Облыс әкімінің орынбасарлары	2
14	Комитет жетекшілерінің орынбасарлары	1
15	Қала әкімдері	2
16	Аудан әкімдері	6
17	Қала әкімінің орынбасарлары	5
18	Аудан әкімінің орынбасарлары	8
19	Әкімдіктің бөлім басшылары	12
20	Ауыл әкімдері	14
21	Бюджеттік ұйымдар	16
Ескертпе-көрсеткіштердің жалпы саны		

Кестеден көріп тұрғанымыздай, төменгі мемлекеттік қызметшілер ғана жемқорлық фактісімен ұсталынып жатқандығын аңғаруға болады. Кейбір деректерге сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жыл сайын бюджеттен 20 миллиардтан астам сомма бөлінеді және олар бұл қаражатты тиісті деңгейде ақтап жатқан жоқ деп есептеймін. Құзырлы органдар тіпті саяси мемлекеттік қызметшілерді мүлдем қарастырып жатқан жоқ секілді көрінеді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі өзінің бағдарын сәл жоғары ұстау керек деп санаймын. Өйткені, жоғары басшылар ғана үлкен соммада қаражат жымғыруға мүмкіндіктері болады. Мысалы ретінде, 2022 жылы мемлекетке сатқындық жасау фактісімен ұсталған ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы жетекшісі Кәрім Мәсімовты айтуға болады [32]. Тергеу барысында елге деген сатқындығынан басқа, оның бұрынғы қызметі аясында жемқорлықпен айналысқаны белгілі болды. Осы орайда, неге бұрын ол кісіден құзырлы органдар күдіктенбеді деген сұрақ пайда болады. Өйткені, елдегі қалыптасып қалған трайбализмнен және тағы басқа жоғары лауазымды саясаткерлердің бір-бірімен тығыз байланыста болып, қолдау білдіріп отыруы әсер етті. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасының арқасында ғана Кәрім Мәсімов секілді мемлекеттік басқарудағы жоғары лауазымды адамдарды жемқорлық фактісімен тергеуге мүмкіндік туды. Сонда, Президенттің көмегінсіз немесе тікелей тапсырмасыз бұл орган ештеңеге қабілетті емес пе деген екінші сұрақ туындайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган тек орта немесе төменгі шенді адамдармен шектеліп қалмай, жоғары лауазымды саяси мемлекеттік қызметшілерді де тексеріп, батыл қадамдар жасауы тиіс деп санаймын. Сонда ғана біз мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлықсыз әділ әрі тиімді жұмыс жасайтын жүйені қалыптастырамыз. Дәл осындай жүйені мемлекеттік қызметте Сингапурдың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу бюросы орнатқан болатын және ол толықтай тәуелсіз болып, жемқорлықпен ұсталған адамдарды қандай лауазымда қызмет ететініне қарамастан жазаға тартқан болатын. Бізге де осындай батыл шешімдер шығаратын кез келді.

Келесі кезекте, Сингапур қалайша мұнай немесе алтын сияқты қазба байлықтары жоқ кедей мемлекет бола тұра, мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар жүргізіп, әлеуметтік әрі экономикалық үлкен жетістікке жеткендігі жайлы қарастырсақ. Жоғарыда атап өткендей, Қазақстанның мемлекеттік қызметшілері және арнайы сарапшылары жемқорлыққа қарсы күресуде әлемдік тәжірибені қарастырып келе жатыр бірақ іс жүзінде бәрі ойдағыдай жүзеге асып жатқан жоқ. Мұны жүзеге асыру үшін ең алдымен қалай Сингапур 5 жылда сыбайлас жемқорлықты жеңіп, 30 жылда ең табысты да дамыған мемлекет атанғаны жайлы шынайы талдау жасап, оны түсіну керек. Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәжірибесін зерттеу барысында біздің елден ерекше олардың бірқатар әрекеттерін анықтадым. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрестің 6 негізгі қадамын алып, Қазақстандық тәжірибемен салыстырмалы талдау жасадым (Кесте 3).

3-кесте-Сингапурмен Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына салыстырмалы талдау

№	Сингапур	Қазақстан
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттің басты мақсаты болды	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ешқашан негізгі мақсатымыз болмаған. Бұл мәселе тәуелсіздік жылдардан бері жалпы мақсаттың бір басымдығы ретінде қарастырылып келді
2	Жемқорлықпен күресте негізгі назарды биліктің жоғарғы эшелондағы ірі пара алушыларға аударды	Қазақстанда тек ұсақ жемқор шенеуніктерді ғана ұстайды, ал жоғары эшелондардағы күрес - элита ішілік күреске көбірек қатысты болып келеді.
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мемлекеттің немесе жеке сектордың адамдары болсын, барлық істерді тергейтіні жазылған. Барлығы заңның алдында тең болды.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады [33]. Сонда мемлекет, органдар қайда қалады?
4	Сыбайлас жемқорлық – ең ұят қылық	Бізде парақорларға жақсы көзқараспен қарайды. Көп жағдайда оларға амнистия беріледі.
5	Сингапур үкіметі адал, білімді және іске қабілетті адамдардың сайлауға түсуіне және мемлекеттік қызметтерде қызмет етуіне толықтай мүмкіндік береді.	Қазақстанның Парламент Мәжілісінде 70% партиялық тізім бойынша сайланады және біз нақты адамдарға дауыс бермейміз.
6	Мемлекеттік қызметшілердің табысын арттыру. Сонымен бірге, халықтың табысы төмендеген кезде барлық министрлер мен жоғары лауазымды тұлғалардың жалақысы сәйкесінше азаяды.	Сайланғандар тізімінде кім болатынын саяси элита өзі анықтайды және ұнағандарын тағайындайды.
Ескертпе- Сингапурмен Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына салыстырмалы талдау		

Қорытындылай келе, біз жемқорлықпен мүлдем басқа тәсілмен күресіп жүргеніміз анық болды. Тіпті заңда негізгі мақсат ретінде қоғамдағы жемқорлықты жою деп алғанымыз бағытымыздың бұрыс екенін аңғартады. Саясаттану ғылымында қоғам мен мемлекеттің өзіндік нақты мағынасы бар. Сондықтан бұл дегеніміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы толықтай күресіп жатқанымызды білдірмейді. Сонымен қатар, Сингапурда жемқор мемлекеттік қызметшілер тек түрмеге қамалып немесе айыппұл төлеп қана қоймай, одан бөлек болашақта барлық әлеуметті көмектерді алуға тиым салынып, зейнетақы

жасына келгенде арнайы төлемақы алу мүмкіндігі жаратылмаған. Сингапурдың тәжірибесі көрсеткендей, Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа толық соғыс жариялағанда ғана оң нәтижеге жете аламыз. Ли Куан Ю билігі кезінді тіпті оның әйелі сыбайлас жемқорлық ісімен айналысқаны белгілі болған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бюро оның тергеуге және тиісті жазасын беруге мәжбүр болған. Бюроның бұл шешіміне Ли Куан Ю толықтай қолдау білдірді, өйткені бұл өзінің принциптеріне сәйкес болды. Қазақстан да осындай батыл шешімдерге дайын болғанда ғана біз жемқорлықты жеңе аламыз.

Егер Қазақстан шынымен сыбайлас жемқорлықты жеңгісі келсе, біз мұны баяғыда жасаған болар едік. Осы орайда Сингапур мен Грузияның тәжірибесі біз үшін өте құнды. Орыс экономикалық мектебінің маманы Михаил Другов өз зерттеуінде Сингапурдың неліктен сыбайлас жемқорлықты оңай әрі тез жеңе алғанын түсіндіре отырып, биліктің үлкен өкілеттіктерге ие екенін, билік бір саяси партияға және шын мәнінде бір адамға тиесілі екенін атап көрсетті [34]. Шындығында, Қазақстанда да дәл осындай шарттар бар, бірақ оған тек саяси ерік-жігер мен қатал әдістер керек. Мысалы, 2021 жылы Финляндия Премьер-министріне қарсы құзырлы органдар іс қозғаған болатын. Ол таңғы асқа бюджеттік 30 доллар жұмсады деп айыпталды [35]. Салық қызметі мен **полиция фин** саясаткерінің отбасысы бюджеттен қанша алды деп осы мәселе бойынша шынымен де іс қозғады. Шығындар айына 1000 долларға бағаланды. Осыдан кейін Премьер-министр әлеуметтік желілерде мәселеге бойынша түсіндіруге мәжбүр болды. Осындай жанжалдан кейін, ол сол сәттен бастап өз тамағын өзі төлейтінін мәлімдеді. Қазір Финляндияда шенеуніктердің шығындарын реттейтін заңдар қызу талқылануда. Мұндай жағдайлар Скандинавия елдерінде үнемі пайда болады және оларға тән ашықтық деңгейін көрсетеді. Сөздің шыны керек, бұл сомма өте аз және осыған байналысты іс қозғаған ақымақтық сияқты көрінеді. Алайда, мұны бәрі саяси ерік-жігердің бар екенін аңғардады. Финляндия мемлекетті мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтан ұрланған сомманың көлеміне мән бермейді, өйткені, ең бастысы жемқорлық әрекеті анықталса жеткілікті. Осы орайда, осыншама кішкене мәселе бойынша Премьер-министрді тергеуінің өзі мемлекеттік басқару саясатында әділдіктің бар екенін білдіреді. Қазақстан да осындай жағдайлардан сабақ алуы тиіс деп ойлаймын (Кесте 4).

4-кесте- Әртүрлі елдерде сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жазалану шарттары

№	Мемлекет	Жаза түрі
1	Иран	Өлім жазасы немесе 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру
2	Қытай	Өлім жазасы немесе 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру
3	Таиланд	Өлім жазасы немесе 10 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру
4	АҚШ	15 жылға дейін бас бостандығынан айыру

4-кестенің жаласы

5	Канада	14 жылға дейін бас бостандығынан айыру
6	Германия	5 жылдан 10 жылға дейін
7	Франция	10 жылға дейін бас бостандығынан айыру
8	Сингапур	7 жылға
9	Ресей Федерациясы	Айыппұл салу немесе 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру
10	Қазақстан	Негізінен айыппұл салуымен шектеледі немесе 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырады [36]
Ескертпе-әр елде қолданылатын шаралар		

Байқап отырғанымыздай, сыбайлас жемқорлық үшін жеңіл жаза басқа мемлекеттермен салыстырғанда тек Ресей Федерациясы мен Қазақстанда қарастырылған. Одан бөлек, елімізде сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жалпы 20 құрамының 10 құрамы бойынша баптардың санкциясы айыппұлдарды қарастырады. Ондан жағдайлар елімізде соңғы жылдары көп болды. Мысалы, сот үкімі бойынша ең үлкен айыппұлды Қазақстан Республикасының монополияға қарсы қызметінің бұрынғы басшысы төледі. Ол колонияға түспеу үшін 1 миллиард теңге төлеуге мәжбүр болды. Прокурор оған 11 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Бұл 2015 жыл болған оқиға еді. Ал, рекордтық айыппұл 2018 жылы орнатылды. «Қазақстан инжинирнг» компаниясының басқарма төрағасының орынбасары мемлекет кірісіне 2 миллиардтан астам теңге төледі. Оның алдында екі таңдау болды: 10 жылға арналған колония немесе үлкен айыппұл төлеу. Ол 2017 жылдың қараша айында пара алғаны үшін айыппұлға үкім шығарды, ал 2018 жылдың наурыз айында Бұқаралық ақпарат құралдары айыппұл толық төленгенін хабарлады. Айыппұлды өтеу үшін ол қаражаттарды қайдан алғандығы жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Олардың барлығы бұрын ұрланған бюджеттің ақшасы еместігіне ешкім кепіл бере алмайды. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін айыппұл салу бұл жақсы әдіс емес. Бұл тәжірибеден әлдеқашан Сингапур секілді мемлекеттер бас тартқан болатын. Сондықтан Қазақстан да Сингапурдың басып өткен жолынан жүріп, жемқорлық үшін жазалардың әлі де қатаңдату және сыбайлас жемқорлық үшін айыппұлдар салуды тоқтату керек. Лю Куан Ю сол шаралардың жасағандығының арқасында үлкен нәтижелерге жетісті.

Грузияның бұрынғы президенті Михаил Саакашвили өз кітабында мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қатысты бір нәрсені өзгерту әрекетінің барлығы жоғары сот жүйесімен тікелей байланысты болғанын сипаттайды. Оған дейін, барлық сот шешімдері ұры шенеуніктерінің пайдасына шығарылатын еді. Алайда, сол кездері Михаил Саакашвили ең алдымен сот жүйесін өзгерту қажет екенін түсінеді және сол тұста онсыз ештеңені өзгерту мүмкін емес екенін аңғарады. Реформалар жүргізу үшін Грузияда судьяларды

тестілеу жарияланды және судьялардың 90 пайызы өкінішке қарай ол сынақтан өте алмады. Нәтижесінде сот жүйесі 80 пайызға жаңа мамандармен және жастармен жаңартылды. Әрине, олар өз елінде бір нәрсені өзгерткісі келетін тәжірибесі бар мамандар болды. Мемлекет сыбайлас жемқорлықты жеңген кездегі осындай тәжірибені Грузия, Сингапурдан басқа Швеция, Израиль және Гонконгта да көруге болады. Сыбайлас жемқорлықты жеңу және күшті мемлекет құру үшін Қазақстанға тек 3 іс-қимыл істеу қажет деген қорытынды жасауға жоғарыда атап өтілген халықаралық тәжірибе мүмкіндік береді (Кесте 5).

5-кесте-Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықты жеңудің 3 негізгі қадамы


№	Қазақстанға не керек?	Бұл үшін не істеу керек?
1	Тәуелсіз сот жүйесін құру	Судьялар үшін тестілеуді жариялау және сот корпусын 80 пайызға жаңарту
2	Еркін Бұқаралық ақпарат құралдары	БАҚ-қа толық еркіндік беру
3	Мемлекеттік қызметке түбегейлі өзгерістер енгізу	Тек қана тиімді мемлекеттік қызметшілерді қалдырып, толық Тазартуды бастау, олардың жалақыларын көтеру және жаңа кадр саясатын құру
Ескертпе-нақты жүзеге асырылатын әрекеттер		

Израильде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес соттың тәуелсіз және бұқаралық ақпарат құралдарының еркін болуының арқасында тиімді жүзеге асты. 2021 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында Израиль 36-шы орынды иеледі. Олар келесі қарапайым қадамдарды жасау арқылы оң нәтижеге жетті. Біріншіден, бас прокурор заңдылықтың сақталуын қадағалайтын басты тұлға болды. Бас судья басқаратын тәуелсіз комитет қалыптасты. Бас прокурор тек алты жыл қызмет ете алатын болды және қайта сайлана алу құқығына мүлдем жол берілмеді. Бұл елде мемлекеттік айыптаушы жоғары лауазымды шенеуніктерге қатысты тергеу жүргізуге шамасы жетеді. Мысалы, 1977 жылы прокурор Ахарон Барак премьер-министр Ицхак Рабин мен оның әйелі Лия Рабинге қарсы тергеу бастады. Барак елдің заңына қайшы, Америкада 50 мың доллары бар есепшот жүргізгенін анықтады. Нәтижесінде Лия Рабин түрме жазасын алды, себебі шот оның атында болды, ал премьер-министр отставкаға кетті. Сондай-ақ, елде мемлекеттік бақылаушы лауазымы болды. Оның жұмысы парламенттің саяси партияларын, оның ішінде сайлау компанияларын, министрліктер, мемлекеттік мекемелер, қорғаныс ұйымдарын және тағы басқа органдардың құжаттарын қаржылық тексеру болды. Бұл лауазым парламенттің жасырын дауыс беруімен жеті жыл мерзімге сайланады. Екіншіден, судьялардың саяси немесе басқа ықпалдан тәуелсіздігі оларды еркін сайлау жүйесімен қамтамасыз етеді. Израиль судьяларын тоғыз адамнан тұратын

комитет таңдайтын болды. Бұл Жоғарғы соттың бірнеше судьясы, адвокаттар, Әділет министрлігі және тағы басқалар. Үшіншіден, Израиль билігі Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарына жарияланған шенеуніктердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты мақалаларына толықтай көңіл бөлді. Мақала шыққаннан кейін құқық қорғау органдарының тергеуі бірден басталатын болды. Мысалы, 1977 жылы журналистердің Иерусалим мэрі Эхуд Олмерт пен бизнесмен Моррис Таланскидің күдікті жақын қарым-қатынасы туралы жарияланымдарының арқасында бірнеше сыбайлас жемқорлық қылмыстары ашылған болатын. Израильдің мысалы, егер әрбір Бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі, құқық қорғау жүйесі, соттар тәуелсіз болса, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын көрсетеді. Содан кейін олар өз рөлдерін толығымен орындай алады және нәтиже міндетті түрде болады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне бармауында тәуелсіз соттың және бұқаларлық ақпарат құралдарының маңызы өте зор.

Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тағы бір жолы - олардың санын азайтып, «саннан сапаға» принципіне өтіп, олардың тиімділігін арттыру болып табылады. Соның нәтижесінде, оларға бөлінетін жыл сайынғы қаражат көлемі азайып, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын көтеруге үлкен мүмкіндік береді. Олардың әлеуметтік жағдайы көтерілуінің арқасында жемқорлық фактілері азаяды. Өйткені, олар заңға қайшы жолмен қосымша табыс табамын деп өзінің қазіргі беделді әрі жалақысы жоғары жұмысынан айырылып қалуынан қорқады. Сингапурдың мемлекеттік қызметтегі қазіргі оң нәтижелерге жетуі, олардың жалақысын 5-10 есе көтеруімен тығыз байланысты. Тіпті, Сингапурда мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы халықаралық немесе ұлттық компаниялардың қызметкерлерінен жоғары болды және мемлекеттік қызметте жұмыс жасау үлкен мәртебеге айналды. Қазақстан да осы тәжірибені өзіне енгізу қажет деп санаймын. Шынымен де, егер біз мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартсақ, онда олардың ойына сыбайлас жемқорлық мүлдем кірмейді. Қазақстан Республикасының есеп комиссиясының 2020 жылғы есебінде қазақстандықтар бұрыннан білетін үш фактіні растады [37]. Біз табысымыздың шамамен 50 пайызын тамаққа жұмсаймыз, ал Сингапур сияқты дамыған елдерде ол небәрі 10 пайызды құрайды. Екінші факт біріншіден туындайды. Қазақстандықтардың баспанаға немесе басқа да қажеттіліктерге жинайтын қаражаты жоқ. Үшіншісі – қазақстандықтардың басым көпшілігі несиелер есебінен күн көруі және бұл оларға қиынға соғып отыр. Осындай жағдайлардан кейін, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне баруға мәжбүр болады. Сондықтан ең алдымен оларға жақсы жалақы тағайындап, қолайлы жағдай жарату қажет. Осыдан бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысы осы идеяны қолдап, мемлекеттік қызметшілердің санын азайтуды және соның нәтижесінде қызметкерлердің жалақысын көтеруді тапсырған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бұл тапсырманы орындай алмайды. Сондықтан бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр. Мысалы, АҚШ әлемдегі ең үлкен экономикасы бар мемлекет және онда

15 министрлік қана бар. Ал, Швейцарияда 7 министрлік бар болса, бізде Қазақстанда 18 министрлік бар. Министрліктердің санын көбейткеннен ешқандай тиімділікті осы уақытқа дейін көрген жоқпыз. Сондай-ақ, цифрландыру бірінші кезекте процестерді автоматтандыруды, яғни мемлекеттік аппаратты қысқартуды көздейтінін ұмытпаған жөн. Өкінішке қарай, мұны мемлекеттік қызмет жүйесіне әлі толықтай енгізе алмадық. Жалпы қазіргі таңда Қазақстанда 100 мыңға жуық мемлекеттік қызметшілер бар (Сурет 5). Оның 50 мыңнан астамы министрліктерде жұмыс атқарады [38].



5-сурет- Министрліктерде жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны
Ескертпе-мемлекеттік қызметкерлер саны

Сурет 5-те көрсетілгендей, ең көп мемлекеттік қызметшілер қаржы министрлігінде, ал ең азы қорғаныс министрлігінде қызмет етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей саннан сапаға көшетін уақыт келді. Мемлекеттік қызметтегі процестерді автоматтандырып, қажет емес функцияларды қысқартып және цифрландыруға көшу керек. Сонда ғана біз мемлекеттік қызметте кадрларды қысқарту процесін жүргізіп, тиімділігін арттырамыз. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің сайтына кіріп қарасақ жарияланған құжаттардың ешқайсысында саннан сапаға өту туралы айтылмаған. Агенттіктің жыл сайын дайындайтын ұлттық есебінде тіпті мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық мүлдем көрсетілмеген. Менің пікірімше, мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең тиімсіз мемлекеттік орган ол осы агенттік сияқты. Мемлекеттік қызметке реформа жасауды осы агенттіктен бастау керек, өйткені, бұл агенттіктің қызметі мемлекеттік қызметпен тікелей байланысты болып отыр. Қазіргі уақытта өңірлердегі мемлекеттік қызметшілер санының халық санына қатынасында үлкен алшақтық орын алып жатыр. Мысалы, Ақмола облысында бір мемлекеттік қызметшіге 220 тұрғын келіп отыр, ал Алматы облысында бұл көрсеткіш 509 құрап отыр. Бұл әрине мемлекеттік қызметшінің тиімді жұмыс істеуіне белгілі бір деңгейде әсер беруі мүмкін өйткені көрсеткіштер әр өңірде әр түрлі болып отыр. Осы көрсеткіштерге талдау жасап, тиісті шаралар қолдану қажет (Кесте 6).

6-кесте- Мемлекеттік қызметшілер санының халық санына қатынасы, 2022 жыл [39]

№	Аймақтар	Мемлекеттік қызметшілерді саны	Халық саны	1 мемлекеттік қызметші қанша тұрғынан келеді
1	Ақмола облысы	3332	735272	220
2	Ақтөбе облысы	2544	895065	351
3	Алматы облысы	4084	2079416	509
4	Атырау облысы	1625	658055	404
5	Шығыс Қазақстан облысы	4104	1363004	332
6	Алматы қаласы	1470	1981801	1348
7	Нұр-Сұлтан қаласы	934	1188369	1272
8	Шымкент қаласы	717	1079778	1505
9	Жамбыл облысы	2711	1139843	420
10	Батыс Қазақстан облысы	2357	661172	280
11	Қарағанды облысы	3586	661172	383
12	Қостанай облысы	3585	863927	240
13	Қызылорда облысы	1964	815653	415
14	Манғыстау облысы	1279	72261	563
15	Павлодар облысы	2874	750756	261
16	Солтүстік Қазақстан облысы	2742	543179	201
17	Түркістан облысы	3991	2045239	512
Ескертпе-мемлекеттік қызметкерлер халық санына қатысты көрсеткіштер				

Кестеден байқап отырғанымыздай, әрбір мемлекеттік қызметшіге тұрғындардың келетін көрсеткіші өте жоғары. Сингапурда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен және бүкіл ел бойынша шамамен бір мемлекеттік қызметшіге 90 тұрғыннан келеді. Әрине, саннан сапаға көшкенде, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі мен біліктілігіне ерекше мән берген жөн.

Сингапурдың мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында мамандарды арнайы дайындау өте маңызды рөл атқарады. Бұл функцияны елде 1971 жылы құрылған мемлекеттік қызмет кадрларын даярлау институты атқарып келеді. Сонымен қатар, бұл институттан басқа халыққа қызмет көрсету колледжі 1993 жылы басшы қызметкерлерді дайындау үшін ашылған болатын. Оқу орындарында олар шенеуніктерге бес негізгі дағдыны үйретуге ұмтылады [40]:

- қызмет көрсетудің ең жоғары сапасын қамтамасыз ету;
- өзгерістерді басқару;
- адамдармен жұмыс;
- операциялар мен ресурстарды басқару;
- өзінді басқар.

Мемлекеттік қызмет әкімшілігі – әрбір шенеунік жылына 100 сағат оқудан өтуі керек деген мақсат қойды. Мемлекеттік қызмет кадрлық саясатты қалыптастыруда, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерді тағайындау, оқыту және қызметін бағалау туралы шешім қабылдауда ерекше рөл атқарады. Осылайша, Сингапурдың мемлекеттік қызметінің жоғары тиімділігі шенеуніктердің қатаң тәртібінің, еңбекқорлығы мен талапшылдығының, олардың кәсібилігі мен тамаша дайындығының нәтижесі деп білуге болады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендігі, елдің саяси басшыларына жоғары талап қою, тынымсыз ізденіс пен нақты нәтижелерге қол жеткізу меритократия қағидаты негізінде ең қабілетті кандидаттарды іріктеудің арқасында жүзеге асып отырғанын аңғарамыз. Біз де осы принциптер мен қағидаларды мемлекеттік қызмет саясатына енгізсек, сонда қызметшілердің тиімділігі артып, жемқорлыққа қарсы саясатты жандандыруға үлкен мүмкіндік пайда болады. Сондықтыңтан кадр саясатына ерекше мән беру қажет. Мемлекеттік қызметтегі кадр саясатының негізгі міндеттері қосымша 1-де сипатталады.

Сингапур тәжірибесін зерттей отырып, қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің кадр саясатында 5 негізгі қате бар екенін анықтадым. Ең біріншісі - үздік мамандарды іздеу және оларды іріктеу болып табылады. Өкінішке қарай, мемлекеттік қызметте адами ресурстар деген түсінік қалыптаспаған. Тек кеңестік типтегі кадрлар бар және олар бұйрықтар шығару, мөрлер қою қызметтерімен ғана шектеліп қалған. Бұрынғы кадр жүйесінің тиімсіз екенін соңғы 10 жылдан бері бақылап келеміз. Саны жағынан шектелген шенеуніктерді мемлекеттік қызметте ротация жасай бергеннен түк пайда жоқ. Оның орнынан жаңа кадрларды дайындауымыз керек. Жастардың мемлекеттік қызметке тартып, олардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруымыз қажет. Сырттан бақыласақ, қазіргі кадр саясаты тек формалдылықты сақтау үшін ғана қажет сияқты. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жұмысына кері әсер етеді және болашақта бұл қызметкерлер жемқорлық әрекеттеріне бару қауіпі өте жоғары.

Екіншісі - мемлекеттік қызметшілерді даярлау және олардың біліктілігін арттырудың жоқтығы. Бұл көрсеткіш бізде қазіргі уақытта төмен деңгейде тұр. Өйткені, есептік комитеттің 2021 жылғы дәстүрлі мемлекеттік қызметке байланысты есебінде бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға қатысты көптеген құқықбұзушылық фактілерді анықтады және олардың көрсеткіші алдыңғы жылға қарағанда бірнеше есе өскен. Яғни, бұл дегеніміз мемлекеттік қызметкерлерді ең алдымен бюджетті тиімді басқаруға үйретуіміз керек дегенді білдіреді. Бағдарламада бюджетті дәл жоспарлау және бюджет қаражатын тиімді пайдалану сияқты тақырыптар болуы тиіс деп санаймын. Сондай-ақ, есепте 2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту жол картасын

іске асыру кезінде ең көп қателер мен тікелей қылмыс көрсетілген. Арнайы тексеру комиссиясы 100 миллиардқа жуық қаражат жымқырылғанын анықтайды. Сондықтан, біз мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік бағдарламаларды қалай тиімді іске асыру керектігі жайлы лекция оқытуымыз керек. Оқу жоспарында одан бөлек жобалық жұмыс бойынша коучинг және тичинг сияқты тақырыптарды көруге болады. Мемлекеттік басқару академиясының мақсаты оқытушыларды дайындау болмауы қажет. Шындығында, ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ. Мемлекеттік қызметтің барлық проблемалары агенттіктің немесе комитеттерді жылдық есептерінде бар және біз сол проблемалармен тікелей жұмыс жасауымыз керек.

3-ші мәселе ол - мемлекеттік қызметтегі ішкі мәдениет. Осыдан 10 жыл бұрын мемлекеттік қызметке байланысты меритократия жайлы айта бастаған еді. Бұл қуантарлық жағдай өйткені Сингапурдың мемлекеттік басқару жүйесінің бүгінгі күнгі жетістігінің бір факторы осы принципке негізделген. Меритократия дегеніміз ол басқару принципі және оған сәйкес әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық байлығына қарамастан, ең қабілетті адамдар басшылық лауазымдарды иеленуі керек. Біздің мемлекеттік қызмет жүйесінде меритократия, әділдік дегендер бос сөзге айналып бара жатқан сияқты. Бізде әлі де мемлекеттік қызметте басшылыққа жағымпазданатындар немесе ескерткіш тұрғызуды ұсынатындар өсіп келеді. Яғни, біз мемлекеттік қызмет мәдениетіне осындай қате құндылықтарды қалыптастырып келеміз. Ашығын айтқанда, егер бұл жалғаса берсе, біз мемлекеттік қызметке келген жастарға бастысы басшылықтың айтқанын бұлжытпай орындау, ал қоғамға қызмет ету мен кәсібилік соншалықты маңызды емес деген секілді ой қалыптастырамыз.

4-шісі ол - мемлекеттік қызметте бірыңғай даму стратегиясы және тұрақты кадр саясаты жоқ деп есептеймін. Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде мемлекеттік қызметте белгілі бір қызметтерді атқаруға шектеулер енгізуді қарастырған болатын. Қазақстанда тек моратория жариялау немесе бір нәрсеге тиым салу әдісі ғана бар секілді көрінеді. Мемлекеттік кадр саясатында мұндай әдістерді қолданбаған жөн. Өйткені, жетекші халықаралық компаниялар үздік мамандарды үнемі іздейді және оларды оқытады. Сондықтан да, бізде әкімдер жиі топ болып жүреді және егер әкім басқа өңірге жұмыс бабымен ауысса, онда командасымен бірге ауысады. Сәйкесінше, бұл сыбайлас жемқорлыққа алып келеді, өйткені жанындағы қызметкерлер бұрынғы әріптестері болғандықтан жемқорлыққа байланысты өзара келісім жасау мүмкіндігі жоғары әрі оңай болады.

Соңғы мәселе ол - мемлекеттік қызметтің миссиясы. Мемлекеттік қызметтің ең негізгі миссиясы бар және ол халыққа аянбай еңбек ету. Менің ойымша, мемлекеттік қызмет істері агенттігі өз миссиясын әлі нақты және нақты анықтай алмады. Агенттіктің ағымдағы миссиясы электрондық форматта көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, осы қызметтердің сапасын бағалау және олардың ұсынылуын бақылау болып табылады [41]. Бұл миссиядан нақты бір түсінік қалыптастыру өте қиын өйткені мұнда мемлекеттік қызметтегі кейбір ішкі тапсырмалар жиынтығы көрсетілген. Сондықтан

дарынды жастарымыз көп ұзамай мемлекеттік қызметтен кетеді немесе бұрынғы қате жүйенің құрбаны болып кетеді. Жоғарыда атап өтілген халыққа аянбай еңбек ету миссиясын әрбір мемлекеттік қызметкерлерге шынымен де жеткізе алмадық деп есептеймін. Сондықтан агенттіктің нақты миссиясы мен тұрақты кадр саясаты жоқтығынан, ішкі мәдениет мен үздік мамандарды дайындаудың жетілмегенінен күшті әрі тиімді мемлекеттік қызметті құру мүмкін болмады. Сингапур тәжірибесіне сәйкес, мемлекеттік қызметтегі жемқорлықты жою үшін ең алдымен кадр саясатын реформалау, мемлекеттік қызметке мықты жастарды дайындау және ішкі мәдениетін дұрыс бағытта қалыптастырып, белгілі бір миссия аясында мемлекеттің дамуы үшін халыққа қызмет ету қажет.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымыз дұрыс бағытта өрбіп жатқан жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерлерге қарағанда, керісінше халыққа қарай көбірек бағыт алған.

7-кесте- Қарапайым халық мен шенеунікке қатысты сыбайлас жемқорлық саясатына салыстырмалы талдау

№	Халық	Мемлекеттік қызметкер
1	Мобильді аударымдарды толықтай бақылауға алғысы келеді [42]	150 миллиард долларға жуық сомма офшорға шығарылды
2	Мемлекет барлық айырбастау операцияларын бақылауға алды	500тен астам мемлекеттік қызметшілердің шет ел банкілерінде жеке шоттары бар және жалпы сомма 700 миллиардан астам тенгені құрайды
3	Уақытша тұруға рұқсат алуға мәжбүрлеу	Көптеген мемлекеттік қызметшілерде қос азаматтыққа ие
Ескертпе- Қарапайым халық мен шенеунікке қатысты сыбайлас жемқорлық саясатына салыстырмалы талдау		

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік халықтың күнделікті жасайтын мобильді аударымдарын бақылауға алуға тырысып жатса, ал дәл осы уақытта мемлекеттік қызметшілер 150 миллиардқа жуық ақш долларын офшорға шығарып үлгерді [43]. Мұны әрине жалақысы орташа есеппен 100 мың тенгені құрайтын халықтың басым көпшілігі емес, керісінше жемқорлық әрекеттеріне баратын жоғары басшылықтағы шенеуніктер екені анық. Сенат депутатына айтуынша, офшорға кеткен барлық қаражат туралы нақты ақпаратқа ие емеспіз, өйткені елімізде бірыңғай мониторинг жүйесі жоқ. Егер ондай мүмкіндік жоқ болса, ондай қазірден сол жүйені құруға кірісуіміз керек. Сонымен қатар, қазіргі уақытта егер 500 000 мың тенгеден жоғары сомманы айырбастағыңыз

келсе, онда жеке куәлікті көрсету қажет болады. Ал дәл осы уақытта, мемлекеттік қызметкерлер 700 миллиардқа жуық теңгені шет ел банктерінде ұстауда. Яғни, жемқорлыққа қарсы агенттік қазақстандықтардың 1000 долларын қалай айырбастағандығы жайлы білгісі келеді, бірақ шенеуніктердің шет ел банктеріндегі шоттарын тексергісі келмейді. Бұл олар үшін қалыпты жағдай сияқты көрінеді. Қазіргі күнге дейін сол шоттардағы қаражаттардың заңды немесе заңсыз жолмен табылғаны тексерілмеді. Тіпті мемлекеттік қызметкерлердің қос азаматтыққа ие болғаны олар үшін заңсыз жолмен тапқан қаражатын шет елге шығаруға үлкен мүмкіндік береді. Осы тұста, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта әлеуметтік әділетсіздікті байқауға болады. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің жемқорларды басқа жақтан іздеп жүргенін аңғаруға болады. Миллиардтаған қаражаттарды ұрлайтындар халық емес, жоғары лауазым мен құзіреттілікке ие шенеуніктер екенін түсінетін уақыт келді. Шын мәнінде, қарапайым азаматтар кедейшілік шегінде жүр. Популизммен айналысуды тоқтатып, мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық әрекеттерге жол бермей, бірыңғай мониторинг жүйесін енгізу қажет. Соңғы 30 жылдан елден заңсыз жолмен шығарылған ақшалардың қайтаруымыз керек. Жаңа Қазақстанды құрғымыз келсе, нақты іске көшетін уақыт келді.

Қазіргі таңда кейбір сарапшылар Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуде шет елдік тәжірибе көмектеспейді және бұл мәселені шешуге басқаша көзқарас қажет деп санайды. Ал, аргумент ретінде көбінесе менталитетіміздің сәйкес келмеуін айтып жатады. Шын мәнінде, еліміздегі сыбайлас жемқорлықты жеңу үшін менталитет кедергі болмайды. Біріншіден, біз бәріміз әртүрлі екенімізді атап өткен жөн. Тіпті, бір қаланың тұрғындары қызығушылық, өмір сүру деңгейі, кәсіптер және тағы басқа бойынша көптеген топтарға бөлінеді. Иә, бізді біріктіретін құндылықтар, дәстүрлер бар, бірақ өзгеріссіз ештеңе жоқ. Саясаттанушы Екатерина Шульга адам табиғатында өзгермейтін ештеңе жоқ екенін түсіндіреді. Біз әлеуметтік жаратылыспыз, жағдай қандай болады, біз де солай боламыз. Біз әлеуметтік ортаны өзіміз үшін өзгертеміз және оның әсерінен өзгеріп, қалыптасамыз. Яғни, бұл ретте біз өмір сүретін орта маңызды болып саналады. Мысалы, көптеген қазақстандықтар басқа елдерге қоныс аударады және бұрын сезінбеген және көрмеген басқа жағдайларда да өздерін жайлы сезінеді. Яғни, адамдар сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен, құқықтық мемлекетте өте бақытты өмір сүре алатынын көреміз. Біз осы уақытқа дейін кейбір мемлекетте пара беруге мүмкіндіктер болмағандықтан, ол жақта өмір сүру қиын деген мәлімдемелерді әлі естіген жоқпыз. Көптеген Еуропа елдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті кейде өте нашар жағдайда бастады. Бірақ, олар сонда да жақсы нәтижеге жетті және біз ол мемлекеттерден өте қатты ерекшеленеміз деп айту қиын. Негізі олар жемқорлықтың өте қауіпті екенін және болашақ ұрпақ осы елде өмір сүру керектігін ертерек аңғарған және бұл мәселені шешуге барынша тырысқан. Біздің елімізде бұрыннан қалыптасып қалған сыбайлас жемқорлық дәстүрі бар деп мәлімдеу шындыққа жанаспайды. Бұл сыбайлас жемқорлық ұрпақтан-ұрпаққа берілетін нәрсе емес. Яғни, сыбайлас жемқорлық ол менталитеттің бір

бөлігі болмағандықтан мұны жеңуге Қазақстанның әбден мүмкіншіліктері бар. Иә, бұл мәселеде шыдамдылық таныту өте маңызды, өйткені өмір сүруге қолайлы ортаның пайда болуы және қалыптасуы бірден болмайды. Бұған ондаған жылдар қажет болуы мүмкін. Бірақ бастысы - кішкентайдан бастау. Халқымыз сыбайлас жемқорлық ол біздің жолымыз емес екендігін ертерек түсінген жөн. Қандай жағдайда да пара бермеуге, заң аясында өмір сүруге және құқықтарыңызды сақтауға тырсуымыз қажет. Бәлкім, болашақта басқа дамушы мемлекеттер Қазақстаннан үлгі алатындай дәрежеге жетіп қалармыз.

3. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ мысалына мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Транспаренттілік пен заңдылық қағидаттарына негізделген қазіргі қоғамда мемлекеттік құрылымдардың дұрыс жұмыс істеуі бірінші кезектегі маңызға ие. Үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық контекстті және жоғары сапалы мемлекеттік қызметтерге деген сұраныстың артып отырғанын ескере отырып, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және есепке алу қызметін бақылау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жүйесінің құрамдас бөлігіне айналуда. Бұл талдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметтерінің жүйесінің орындаушылары болып табылатын әртүрлі мемлекеттік органдардың тектеру барысында анықталған негізгі сәттерді бөліп көрсетуге және оларды жою шараларын ұсынуға арналған. Біздің мақсатымыз қарастыру, әрбір анықталған жағдайды егжей-тегжейлі және болашақта ұқсас оқиғаларды болдырмау үшін жұмыс процестерін оңтайландырудың ең жақсы жолдарын анықтау. **Көппәтерлі тұрғын үй кешендерін пайдалануға қабылдау актілерін (бұдан әрі- КТҮ) заңсыз мемлекеттік тіркеу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижелері:**

Мемлекеттік корпорациясы көрсететін көппәтерлі тұрғын үй кешендерін пайдалануға беру актілерін (бұдан әрі - КТҮ) заңсыз мемлекеттік тіркеуден және жылжымайтын мүлікті тіркеу желісі барыша мемлекеттік қызметіне қатысты НҚА-ң сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау Астана және Алматы қалаларының филиалдарында көрсетілген талдау іс-шаралары негізінде жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта жаңадан салынған жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеу рәсімі мынадай НҚА-мен реттеледі:

- "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі - Заң);
- "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" заңы (бұдан әрі - Сәулет туралы Заң);
- "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығы (бұдан әрі - тіркеу ережелері);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 "Құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат

беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы - Құрылыс салу ережелері)

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 жылғы № 149 бұйрығымен Құрылыс салу ережелерінің 80-тармағына өзгерістер енгізілгенін атап өту қажет. Осы өзгерістер енгізілгенге дейін сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзуді жүзеге асыратын тиісті Жергілікті атқарушы орган құрылымдық бөлімшесіне объектіні пайдалануға дербес қабылдаудың бекітілген актісі жылжымайтын мүлік объектісін тіркеу үшін негіз болып табылды.

Жаңадан қабылданған түзетулерге сәйкес қабылдау актісі *мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне де енгізілуі тиіс*. Бұл өзгеріс объектіні «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қорына» енгізуге және құқықты тіркеуге құрылыс салушыларымен ұсынылған актілер арасындағы жалпы алаңы мен қабаттылығы бойынша техникалық сипаттамалардың сәйкес келмеуіне байланысты мүмкін болған КТҮ пайдалануға беру актілерін заңсыз тіркеу тәуекелдерін жояды.

Мемлекеттік техникалық тексеру саласында және салынған объектілердің актілерін қабылдау саласында меншік иелерінде заңдардың қайшылығы кездеседі.

2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 қаулыға сәйкес құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңа жылжымайтын мүлік туралы сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді қоса алғанда, ғимараттар, құрылыстар және олардың құрамдас бөліктері туралы деректерді, сондай-ақ мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу және жылжымайтын мүліктің техникалық паспорттарының телнұсқаларын беру қағидалары мен мерзімдерін енгізу үшін мемлекеттік қызметті алу үшін жүгіну қажет. № 1 стандарттың 8-тармағына сәйкес өтініш берушілер қажетті құжаттармен бірге не жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша жеке өзі, не сайттағы электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы өтініш бере алады www.egov.kz.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі көрсетілетін қызмет өкіліне жеке өзі жүгінген кезде өтініш берушінің құжаттар жиынтығын берген күнінен кейінгі күннен басталады (құжаттарды берген күн көрсетілетін қызметті көрсету мерзіміне енгізілмейді). Құжаттар портал арқылы берілген жағдайда, құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңа жылжымайтын мүлік үшін ғимараттар, құрылыстар және олардың бөліктері туралы сәйкестендіру және техникалық деректерді енгізуді қамтитын қызметті көрсету мерзімі бір жұмыс күнін құрайды.

Мысалы, жылжымайтын мүлік объектісін енгізу актісін тіркеу үшін меншік иесі «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz арқылы өз бетінше өтінім беруі, мемлекеттік баж төлем төлеуі қажет, бұдан әрі бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлері ұсынылған құжаттарға сәйкес барлық қажетті деректерді жергілікті жерге бармастан құқықтық кадастрға енгізуі тиіс (яғни, жылжымайтын мүлік объектісі бар-жоғын анықтамай, зерттеп-қараусыз), бұл туралы ережелерде мыналар айтылған:

Көрсетілетін қызметті берушіде жылжымайтын мүлік объектілерін

техникалық тексерумен айналысатын бөлімнің қызметкері мынадай жұмысты орындайды: ол жаңа жылжымайтын мүлік туралы ақпаратты, оның ішінде ғимараттардың, құрылыстардың және олардың бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық деректерін құқықтық кадастрға енгізеді. Осыдан кейін ол объектіні пайдалануға қабылдау актісіне тиісті жазба жасайды.

Көрсетілген рәсімдер аяқталғаннан кейін меншік иесінің осы мүлікке техникалық паспорт ресімдеу қажеттілігінсіз өзінің жылжымайтын мүлігіне құқықтарды тіркеуге құқығы бар. Бұл "жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының ережелеріне байланысты, оған сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін тек сәйкестендіру және деректерді құқықтық кадастрға техникалық енгізу, сондай-ақ ғимараттарға, құрылыстарға және олардың бөліктеріне техникалық тексеру жүргізу талап етіледі. Алайда жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік үшін мемлекеттік техникалық тексеру талап етілмейді және техникалық паспорт берілмейді.

Осылайша, мысалға ҚР-ң Жер кодексіне сәйкес жеке тұрғын үйге құрылыс салу үшін жер учаскелерін жалға алу құқығымен алған жеке тұлғалар өз құқықтарын пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік саласындағы тіркеуші органды жаңылыстыруы мүмкін. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде эскиздік жобаларды әзірлеушілер де, сәулет және жер қатынастары органдарының қызметкерлері де жауапты болмайды.

Сәулет және қала құрылысында тұрғын үйді пайдалануға беру актісін есепке қою мақсатында маманның баруы да талап етілмейді, ал құқық санатын жалға беруден жеке меншік құқығына ауыстыру үшін маманның баруы қарастырылмаған. Осылайша, заңдардың қақтығысы орын алады және бұл жағдайда жауапкершілік тікелей өтініш берушінің өзіне жүктеледі. Мысалы, меншік иесі салынбаған тұрғын үйді пайдалануға берді, содан кейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалға алу құқығынан жеке меншік құқығына ауыстырылды.

Бұдан әрі, ХҚКО не www.egov.kz арқылы техникалық паспорт дайындау қызметіне тапсырыс бере алады, мұнда жер учаскесінде салынған объектісі болмағандықтан 13.02.2014 жылғы №57 жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 75-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорациясың техник маманы оған жылжымайтын мүлік объектісін бұзу туралы қорытынды ресімдеуге мәжбүр болады. Құқық белгілеуші құжатта және техникалық паспортта техникалық сипаттамалар сәйкес келмеген жағдайда, осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық сипаттамаларын өзгерту туралы қорытынды беріледі, құрылысжайларды бұзу анықталған кезде, өтініш берушіге осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің болуы және бұзылуы туралы қорытынды беріледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын теріс пайдалануға жол бермеу мақсатында жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауға, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуге байланысты осы заңдарға өзгерістер енгізуді қарастыру қажет.

Қорытынды

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесін біркелкі ету, жылжымайтын мүлікті тіркеу желісі бойынша Мемлекеттік корпорацияның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында КТҮ пайдалануға беру актілерін заңсыз тіркеу бөлігінде ҚР-ң Әділет министрлігіне мынадай редакцияда тіркеу қағидаларының 4.1-тармағына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар бойынша өзгерістер қажет деп санайын:

1. Өтініш берушіден мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген және объектінің техникалық сипаттамалары туралы қорытындылармен, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы Декларациямен қоса берілген объектіні пайдалануға қабылдау туралы бекітілген актіні алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші:

Объектінің орналасқан ауданындағы сәулет және қала құрылысы мәселелеріне жауапты тиісті жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне объектінің қоса берілген техникалық сипаттамаларымен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі.

Көрсетілетін қызметті беруші объектінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін жібереді. Бұл құжатқа объектінің техникалық сипаттамалары, сәйкестік туралы декларация, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар қоса беріледі.

2. Сәулет және қала құрылысы мәселелеріне жауапты жергілікті атқарушы органдар көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында белгіленген рәсімдерді сақтауын тексереді. Осыдан кейін олар объектіні пайдалануға қабылдау актісін тиісті есепке енгізеді. Егер тексеру нәтижесінде құрылыс объектісі құрылыс салуды ұйымдастыру Қағидаларының талаптарына және рұқсат алу рәсімдеріне сәйкес келмейтіні анықталса, сәулет және қала құрылысы саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары мен тіркеуші органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

Сәйкессіздіктер анықталмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар бұл туралы тіркеуші органды көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге тиіс.

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші ұсынған құжаттарға тексеру жүргізуге міндетті. Бұл тексеру Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауының сенімділігіне бағытталған.

Егер салыстыру барысында бұзушылықтар анықталса, сәулет-құрылыс бақылау органдары құжаттарды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органды анықталған бұзушылықтар туралы жазбаша хабардар етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті жауапкершілік шараларын қабылдауға тиіс.

Егер бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, сәулет-құрылыс бақылау органдары құжаттарды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органды барлық талаптар мен нормалардың сақталғаны туралы жазбаша хабардар етуге тиіс.

Келешекте НҚА-дегі өзгерістер қағаз жүзіндегі құқық белгілеуші құжатты - ауыстырылуы заңсыз тіркеудің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасау факторы болып табылатын объектіні пайдалануға қабылдау актісін пайдалануды болдырмай, жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды тіркеуді реттейтін Қағидаларда объектіні міндетті құжат ретінде пайдалануға қабылдау актісінің болмауы мұндай актілерді заңсыз тіркеу процесінде сыбайлас жемқорлық қаупін арттырады. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты (ТЖК) пайдалануға беру актілері мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде ресми тіркелгенге дейін қағаз құқық белгілейтін құжатты пайдалана отырып тіркелгенде орын алады.

Тіркеуші орган - ҚР Заңына сәйкес Мемлекеттік корпорация екенін атап өту қажет. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығымен құжаттардың толық топтамасын ұсыну және оларды тексеру кезінде (бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда) жылжымайтын мүлік объектісін тіркеуге міндетті.

Бұл ретте техникалық қадағалау және авторлық қадағалау лицензиаттары КТҮ бойынша бұрмаланған мәліметтерді жиі беретінін, ал филиалдардың қызметкерлері тиісті тексерусіз жылжымайтын мүлік объектісін тіркейтінін атап өткен жөн.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, бұл фактілер жеке жағдаят емес және жүйелі сипатта жүреді, заңсыз сыйақы алу мақсатында сөз байласу орын алуы мүмкін.

Сонымен қатар, мемлекеттік корпорациядағы қызметті жақсарту мақсатында келесі іс-шараларды қабылдау қажет деп санаймын:

Мемлекеттік корпорацияның филиалдары актілер негізінде құрылыс салушылар жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеуге ұсынған кезде, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауы тұрғысынан мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы бөлімімен салыстырып тексеру жүргізу тәртібі туралы мәселені талқылау;

Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін міндетті түрде көрсете отырып, жазбаша ақпарат (хат) нысанын, жалпы және тұрғын алаңы, қабаттылығы, КТҮ құрамына кіретін қайталама объектілердің саны, актінің күнін талқылау;

Мемлекеттік корпорацияға құқықты мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті бір мезгілде жібере отырып, қызмет алушылардан (құрылыс салушылардан) құжаттарды қабылдау жөніндегі фронт-офистердің қызметкерлеріне мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы бөліміне жіберу үшін жадынама әзірлеу.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Bryce J. Modern Democracies. – New York: The Macmillan Company, 1921. - С. 149-150.

2. Friedrich Carl J. Corruption Concepts in Historical Perspective / Edited by A. J. Heidenheimer, M. Johnston // *Political Corruption: Concepts and Contexts*. – Third Edition. – New Jersey: New Brunswick, 2007. - С. 15-16.
3. Nye J. Corruption and Political Development: A Cost-benefit Analysis / J. Nye // *American Political Science*, 1967. - №2 (61). - С. 417-418.
4. Богуш Г. Б. Коррупция и международное сотрудничество по борьбе с ней: дис. канд. юрид. наук; МГУ. – М., 2004. - С. 16-18.
5. Пудаков, Е. Р. Криминология коррупции в государственной службе / Е. Р. Пудаков. – Москва : Издательство "Юрлитинформ", 2017. – С. 168-169.
6. Адрианов В.Д. Бюрократия, коррупция и эффективность государственного управления. - Wolters Kluwer Russia, 2011. -271с.
7. Коррупция //Материал из Википедии — свободной энциклопедии. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D0%BC%D2%9B%D0%BE%D1%80%D0%BB%D1%8B%D2%9B>. Жүгінген күні: 17.11.2023 ж.
8. Шаблинский А. И. Общественное мнение и политическое участие: возвращаясь к работам Дж. Брайса //Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2019. – №. 6 (154). – С. 202-219.
9. Gardiner J. Defining corruption //Political corruption. – Routledge, 2017. – С. 25-40.
10. Friedrich C. J. Corruption concepts in historical perspectives, political corruption: A handbook //New Jersey: New Brunsweek. – 1989. –С. 5-6.
11. Богуш Г. И. Актуальные проблемы международного уголовного права //Вестник Московского университета. Серия 11. Право. – 2008. – №. 5. – С. 49-66.
12. Указ Президента Республики Казахстан Об Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000986>. Жүгінген күні: 02.11.2023 ж.
13. Турецкий Н.Н. Правовые и организационные меры противодействия коррупции в Республике Казахстан // Российское право: образование, практика, наука. - 2017. - №3 (99). –С. 62-65. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-i-organizatsionnye-mery-protivodeystviya-korruptsii-v-respublike-kazahstan>. Дата обращения: 02.12.2023 г.
14. Очирова Л.С., Ункуров Э.Ю. О совершенствовании процесса изучения мнения населения о качестве оказываемых государственных услуг органами исполнительной власти РК: основные понятия и направления // Вестник ИКИАТ. - 2012. - №1(24). –С. 57-63. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-sovershenstvovanii-protsesssa-izucheniya-mneniya-naseleniya-o-kachestve-okazyvaemyh-gosudarstvennyh-uslug-organami-ispolnitelnoy>. Дата обращения: 12.11.2023 г.
15. Тлембаева Ж.У. О некоторых проблемах правового регулирования конфликта интересов в Республике Казахстан//Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. - 2018. - №3 (70). –С. 42-48. URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/o-nekotoryh-problemah-pravovogo-regulirovaniya-konflikta-interesov-v-respublike-kazahstan>. Дата обращения: 15.11.2023 г.

16. Нуртазин М.С. Институциональная реформа и антикоррупционная стратегия ключ к укреплению имиджа госаппарата//Большая Евразия: развитие, безопасность, сотрудничество. - 2022. - №5-1. –С. 243-245.

17. Редкоус, В. М. Общая характеристика направлений противодействия коррупции в Российской Федерации и Республике Казахстан: сравнительно-правовой аспект / В. М. Редкоус // Военное право. – 2021. – № 6(70). – С. 305-317.

18. Якимец, К. И. Антикоррупционная политика Казахстана: позитивный опыт / К. И. Якимец // Modern Science. – 2021. – № 2-2. – С. 202-209.

19. Рустемова Г. Р., Абдуллаева Р. А. Проблемы коррупции в сфере здравоохранения в странах средней Азии: В Республиках Таджикистан и Казахстан //Законодательство. – №. 1. – С. 102-108.

20. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1997 жылғы қазан. URL: http://president.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1997-zhylgy-kazan.

Жүгінген күні: 08.11.2023 ж.

21. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121. Жүгінген күні: 02.12.2023 ж.

22. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar. Жүгінген күні: 03.12.2023 ж.

23. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek. Жүгінген күні: 03.12.2023 ж.

24. See Noonan Jr. For a very interesting historical overview of corruption in different societies. -1984. –С.5-6.

25. ProTenge удостоен премии Госдепартамента для борцов с коррупцией//Власть. -2021. URL: <https://vlast.kz/novosti/47746-protenge-udosto-en-premii-gosdepartamenta-dla-borcov-s-korrupciej.html>. Жүгінген күні: 27.11.2023 ж.

26. Андрианов В. Д. Определение коррупции, формы и виды проявления коррупции //Электронный ресурс]. Режим доступа. -URL: viperson. ru> wind. php. – 2013. Жүгінген күні: 25.11.2023 ж.

27. Johnston M. Political corruption and public policy in America. – Monterey : Brooks/Cole Publishing Company, 1982. –С. 27-28.

28. Quah J. S. T. The public bureaucracy in Singapore, 1959–1984 //Singapore: Twenty-five years of development. – 1984. – С. 288-314.

29. Ledeneva A. V. Russia's economy of favours: Blat, networking and informal exchange. – Cambridge University Press, 1998. – Т. 102. –С. 17-18.

30. Харичева М. С. Международный опыт борьбы с коррупцией: Сингапур //Вестник Калининградского юридического института МВД России. – 2011. – №. 3. – С. 121-125.

31. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми сайты.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption?lang=kk>. Жүгінген күні: 29.11.2023 ж.

32. Sputnik Қазақстан. URL: <https://sputnik.kz/20220310/qymbat-kolik-masimov-para-23415370.html>. Жүгінген күні: 18.11.2023 ж.

33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы//// Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>. Жүгінген күні: 20.11.2023 ж.

34. Коррупция: способы измерения и противодействия// Econs. - URL: <https://econs.online/articles/opinions/korrupsiya-sposoby-izmereniya-i-protivodeystviya/?ysclid=lq2qvyrd82688525191>. Жүгінген күні: 15.11.2023 ж.

35. Главные новости Казахстана – Tengrinews.kz. URL: https://tengrinews.kz/world_news/samaya-molodaya-premer-ministr-mire-okazalas-tsentre-439477/. Жүгінген күні: 09.12.2023 ж.

36. Памятка по противодействию коррупции//Министерство обороны Республики Казахстан. URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/article/details/16334?lang=ru>.

Жүгінген күні: 11.11.2023 ж.

37. Счетный комитет подвел итоги своей работы за 2020 год// Высшая аудиторская палата Республики Казахстан. URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/press/news/details/156171?lang=ru>.

Жүгінген күні: 19.11.2023 ж.

38. Сколько госслужащих в Казахстане и какая у них зарплата// Главные новости Казахстана – Tengrinews.kz. URL: <https://tengrinews.kz/article/skolko-gosslujaschih-v-kazahstane-i-kakaya-u-nih-zarplata-1254/>.

Жүгінген күні: 04.12.2023 ж.

39. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet?lang=ru>. Жүгінген күні: 29.11.2023 ж.

40. Сингапурская стратегия борьбы с коррупцией. URL: <https://web.archive.org/web/20050429015900/http://www.crime.vl.ru/docs/books/bo-ok/g3/3.htm>. Жүгінген күні: 03.12.2023 ж.

41. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығы. - URL:

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000074>. Жүгінген күні: 07.12.2023 ж.

42. Қазақстандағы мобильдік төлемдер мен аударымдар бақылауға алынбақ// LSM.kz. URL: <https://lsm.kz/aza-standa-y-mobil-d-k-t-lemder-men-audarymdar-ba-ylau-a-alynda>. Жүгінген күні: 14.12.2023 ж.

43. Около \$160 млрд выведено из Казахстана за последние 25 лет в зарубежные офшоры – депутат// Международное информационное агентство «Казинформ». URL: https://www.inform.kz/ru/okolo-160-mlrd-vyvedeno-iz-kazahstana-za-poslednie-25-let-v-zarubezhnye-ofshory-deputat_a3894115?ysclid=lq2rhb1ugn62285426. Жүгінген күні: 08.12.2023 ж.